

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ**

Аубакирова Саида Талгатовна

**ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ
ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ АӘДІСТЕМЕСІ
7М01717 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша
(ғылыми-педагогикалық бағыт)
магистр дәрежесін алу үшін жазылған диссертация**

Астана, 2026 ж.

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ**

Қорғауға жіберілді:
Филология факультеті
(факультет атауы)
Декан С.М. Дүйсенғазы
(Т.А.Ә.)

_____ (қолы)
« _____ » _____ 20 ____ ж.

Магистрлік диссертация

**ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ
ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ ТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

БББ: 7М01717 – «Қазақ тілі мен әдебиеті»
(ғылыми-педагогикалық бағыт)

Магистрант _____ Аубакирова С.Т.
(қолы)

Ғылыми жетекші,
п.ғ.д., профессор м.а. _____ Қапантайқызы Ш.
(қолы)

Кафедра меңгерушісі _____ Бибеков Қ.Т.
(қолы)

Астана, 2026 ж.

МАЗМҰНЫ

	КІРІСПЕ.....	4
1	АКСИОЛОГИЯЛЫҚ ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ, ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ОРНЫ.....	9
1.1	Аксиологиялық лингвистика: тіл және құндылық категорияларының байланысы.....	9
1.2	Аксиологиялық құзыреттілік қалыптастырудағы қазақ тілінің құндылық танытушылық қызметі.....	19
2	АКСИОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МӘТІННІҢ ТҮРІ МЕН ТІЛНІҢ ҒЫЛЫМЫН МЕҢГЕРТУДІҢ МАҢЫЗЫ.....	27
2.1	Оқулық мәтіндері мазмұнының аксиологиялық құзыреттілік қалыптастыру әлеуеті.....	27
2.2	Аксиологиялық құзыреттілік қалыптастыруда тілдік білімді құндылық ретінде оқытудың маңызы.....	36
3	ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ.....	43
3.1	Тілдік білім берудің аксиопедагогикалық негіздері.....	43
3.2	Аксиологиялық құзыреттілікті дамытуға бағытталған инновациялық әдістер.....	47
	ҚОРЫТЫНДЫ.....	54
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	58
	ҚОСЫМША.....	63

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақ тілі сабағы – аксиологиялық құзыреттілікті қалыптастырудың ұтымды құралы. Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, мәдениеттің, рухани құндылықтардың көрінісі әрі тасымалдаушысы. Жас ұрпаққа тілдің өз алдына құндылық екенін дәріптеп, сол арқылы өзі үшін басқа да құндылық ұғымдарын ашу мәселесінің өзектілігі басым. Қазақ тілін оқу барысында оқушылар тілдік бірліктерді меңгерумен қатар, сол тіл арқылы берілетін құндылықтарды, мәдени нормаларды, этикалық ұстанымдарды да игереді. Бұл үдеріс арқылы оқушы тілдік тұлға ретінде қалыптасады, әлеуметтік ортада бейімделуіне зор үлес қосады.

Қазақатілі пәні – тек грамматикалық білім беретін пән емес, құндылық бағдар беруге мүмкіндік ашатын рухани кеңістік. Мәтіндер, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, көркем шығармалар арқылы оқушының құндылық санасы қалыптасады. Құндылық сананы дамытуда тілдің лексика-грамматикалық ережелерінің де атқаратын қызметі дара.

Қазіргі қоғамда ұлттық бірегейлікті сақтау, мәдени мұраны дәріптеу, рухани жаңғыру мәселелерінің үстемдігі артуда. Осыған байланысты қазақ тілі сабағы оқушылардың құндылықтарды танып, оларды құрметтеуіне ықпал етеді. Сонымен қатар қоғамдық қатынастарда, тәжірибеде қолдануына жағдай жасайды. Оқушылардың бойында аксиологиялық құзыреттілік қалыптастыру, оны қазақ тілі сабағында жүзеге асыру ғылыми-теориялық, әдістемелік тұрғыдан зерттелуі қарқынды жүріп жатыр. Зерттеу білім беру мазмұнын жаңғыртуға, оқыту үдерісінің тиімділігін арттыруға, құндылықтарға негізделген тұлға қалыптастыруда қазақ тілінің, қазақ тілі сабағының қызметі мен маңызын анықтауға бағытталады.

Зерттеу жұмысының нысаны - қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту үдерісі.

Зерттеу жұмысының пәні - қазақ тілі сабағында оқушылардың аксиологиялық құзыреттілігін дамытуға бағытталған білім мазмұны, әдістер мен тәсілдер жүйесі.

Зерттеу жұмысының мақсаты: қазақ тілі сабағында орта сынып оқушыларының аксиологиялық құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік беетін білім мазмұны мен әдіс-тәсілдерді анықтау.

Зерттеудің міндеттері:

- 1) Тіл және құндылық категорияларының байланысын анықтау;
- 2) Аксиологиялық құзыреттілік қалыптастыруда қазақ тілінің құндылық танытушылық қызметін айқындау;
- 3) Оқулық мәтіндері мазмұнының аксиологиялық құзыреттілік қалыптастыру әлеуетін анықтау;
- 4) Аксиологиялық құзыреттілік қалыптастыруда тілдік білімді құндылық ретінде оқытудың маңызын саралау;
- 5) Тілдік білім берудің аксиопедагогикалық негіздерін айқындау;
- 6) Аксиологиялық құзыреттілікті дамытуға бағытталған инновациялық әдістеріне талдау жасау.

Зерттеудің ғылыми жаңашылдығы.

- Аксиологиялық құзыреттілік ұғымы қазақ тілін оқыту әдістемесі аясында кешенді түрде жүйеленеді;
- Аксиологиялық құзыреттілікті дамытудың бүгінгі жағдайы мен тиімді әдістері сараланады;
- Қазақ тілі сабағында құндылық бағдар беру әдістері мен мәтіннің аксиологиялық мазмұнын анықтау тәсілдері нақтыланады.

Зерттеудің теориялық маңызы – аксиологиялық құзыреттілік мәселесін қазақ тілін оқыту әдістемесімен байланыста зерттеу нәтижелері педагогикалық аксиология, тұлғалық-бағдарлы оқыту теориясы және аксиолингвистика теорияларының ғылыми тұжырымдары негізінде алынды.

Зерттеудің практикалық маңызы:

- Қазақ тілі пәні мұғалімдеріне арналған әдістемелік ұсынымдар әзірлеуге негіз болады;
- Сабақ жоспарын құруда сабақтың құндылық компонентін ғылыми негіздеуге мүмкіндік береді;
- Оқу-әдістемелік кешендер мен элективті курстар бағдарламасын жасауда пайдалнуға болады;
- Болашақ педагогтарды даярлау барысында қолдануға болады.

Зерттеу әдістері:

- 1) Филологиялық, философиялық, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік еңбектерге теориялық талдау;
- 2) Оқулық мәтіндерінің мазмұнына аксиологиялық контент-талдау;
- 3) Аксиологиялық құзыреттілікті қалыптастырушы әдістерді жинақтау, саралау;
- 4) Алынған нәтижелер мен әдіс-тәсілдерге сапалық және сандық талдау.

Зерттеудің теориялық негіздері. Зерттеудің теориялық негізін таңдауда бір мәселе анық байқалады: қазақ тілін оқытуға қатысты еңбектер көп болғанымен, тілдің құндылықтық табиғатын аксиолингвистика аясында қарастыратын зерттеулер әлі де бытыраңқы. Әсіресе мектептегі қазақ тілі сабағында ұлттық құндылық пен тілдік дағдыны қатар дамыту мәселесі көбіне декларатив деңгейде қалып қояды. Бағдарламада «құндылық» сөзі жиі кездеседі, бірақ сабақ құрылымында ол кейде тек термин ретінде ғана жүреді.

Сондықтан зерттеуде әртүрлі ғылыми бағыттағы еңбектер қатар қарастырылды. А. Байтұрсынұлы тілдің тек қатынас құралы емес, ұлттың ойлау жүйесін сақтайтын тетік екенін ертерек айтқан. Қазіргі цифрлық ортада бұл пікір тіпті өткір естіледі. Әлеуметтік желідегі қысқарған тіл, аралас сөйлеу, дайын шаблондардың көбеюі жағдайында ұлттық тілдің ішкі мәдени қабаты әлсірей бастайды деген пікірлер де бар. Н.М. Уәлиев еңбектеріндегі сөз мәдениеті мен тілдік нормаға қатысты пайымдар осы тұста маңызды болды. Себебі мәселе тек дұрыс сөйлеуде емес. Қандай сөздің қандай жағдайда құндылықтық реңк алатыны да назардан тыс қалмайды.

Л.Н. Гумилев этнос пен мәдениетті тарихи жады арқылы байланыстырса, Ә.Т. Қайдар тіл ішіндегі этномәдени кодтарды нақты тілдік деректер арқылы

түсіндіреді. Әсіресе тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, көнерген атаулар секілді бірліктердің астарында элеуметтік тәжірибе жиналып қалғаны байқалады. Мектеп оқушысы ондай бірліктерді тек жаттап шығумен шектелсе, олардың тәрбиелік салмағы сезілмей қалады. Практикада жиі кездесетін мәселе осы.

Шетелдік зерттеулерді кейде «әдеби шолу үшін керек» деп қосып қояды. Бірақ нақты қарасаң, олар ондай қосымша фон емес. Мысалы, Е.В. Беккер мен В.И. Карасик тілдегі бағалау жүйесін талдағанда, сөздің тек мағына емес, позиция да білдіретінін көрсетеді. Ал Г.Г. Слышкин мен К. Такахашиді мәдени символдарды қарастырғанда, бір сөздің артында тұтас мәдени код тұратынын ашады. Бір қарағанда қарапайым нәрсе сияқты. Бірақ мәселе сонда - бір ғана сөз жапон қоғамында жұмсақ естілуі мүмкін, ал түркі ортада ол талап немесе міндет ретінде қабылданады. Осындай айырмашылықты ескермей, «универсал модель» жасау әрекеті күмәнді көрінеді. Қазақ тіліндегі «ұят», «намыс» сияқты ұғымдарды дәл аударып беру неге қиын - жауап осы жерде жатыр.

Педагогикаға келгенде жағдай одан да қызық. Құндылық туралы бәрі жазады. Бірақ оны қалай өлшейміз? Мысалы, бір зерттеуде оқушының құндылықтық бағдары сауалнама арқылы анықталады, екіншісінде мәтін талдауы арқылы, үшіншісінде мұғалімнің бақылауы арқылы. Ортақ жүйе жоқ. И.В. Яковлева, Ж. Дәулетбекова, С.М. Иманқұлова, А.Т. Аширова еңбектерінде осы мәселе жанама түрде көтеріледі - аксиологиялық құзыреттілік тек теория емес, сабақтағы әрекетпен байланысты. Бірақ практикаға келгенде бір қарапайым деталь шығады: 6-сынып оқулығындағы мәтін дұрыс тандалмаса, бүкіл «тәрбиелік мақсат» жай сөз болып қалады. Яғни мазмұн - шешуші фактор. Ал мазмұнды іріктеу механизмі әлі толық жүйеленбеген.

Әдістеме жағында да біржақты пікір жоқ. А.Д. Дейкина, Л. Ваховский, Ф.Ш. Оразбаева, Н.Ж. Құрман, Қ.О. Бітібаева еңбектерінде тіл үйретуді тек грамматикамен шектеу жеткіліксіз екені айтылады. Қағаз жүзінде бәрі келіседі. Бірақ нақты сабаққа кірсең, тапсырмалардың 60–70%-ы әлі де ереже мен жаттығуға негізделген. Құндылыққа қатысты сұрақтар көбіне мәтіннің соңында бір-екі жолмен ғана беріледі. Оқушы оны формальды түрде белгілеп өтеді де, жаба салады. Бұл тәсіл шынымен жұмыс істей ме - ашық сұрақ.

Т. Шонанов пен Қ. Кеменгерұлының идеясы осы жерде қайта ойлантанды. Олар «тіл үйрету» мен «тәрбие беру» бөлінбейді дейді. Теория ретінде өте нақты. Бірақ сыныптағы жағдай басқа: оқушы сөйлем мүшесін ажыратады, бірақ сол мәтіндегі мәдени астарды түсіндіре алмайды. Мысалы, «қонақжайлылық» туралы мәтінді оқиды, бірақ оны элеуметтік мінез-құлық моделі ретінде талдамайды. Демек, тек ережені меңгеру жеткіліксіз. Тілдік жағдаятпен жұмыс істеу керек. Яғни тірі контекст керек.

Зерттеудің практикалық бөлігі осы мәселені тексеруге бағытталды. 6-сыныпқа арналған қазақ тілі оқулығы [43] алынды. Барлығы 200-ден астам мәтін қаралды. Контент-талдау жасалғанда бір нәрсе анықталды: мәтіндердің ішінде құндылықтық мазмұн бар, бірақ ол біркелкі емес. Кей тарауда анық көрінеді, кей бөлімде мүлде әлсіз. Мысалы, «отбасы» тақырыбында аксиологиялық жүктеме жоғары, ал кей грамматикалық бөлімдерде ол мүлде байқалмайды.

Осыдан бір қорытынды шығады, бірақ оны бірден абсолют шындық деу қиын. Қазақ тілі сабағында құндылықтық мазмұн бар. Бірақ ол жүйелі емес. Бір жерде бар, бір жерде жоқ. Сондықтан мәселе «бар ма, жоқ па» емес. Мәселе - оны қалай тұрақты, саналы түрде енгіземіз дегенде.

Зерттеу нәтижелері бойынша жарияланымдар. Зерттеу жұмысының нәтижелері 3 ғылыми мақала және 1 аңдатпада көрініс тапты.

Тілдік білім – құндылық бағдар қалыптастырудың маңызды құралы // «GYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2025». – 2025. – Б. 7943-7947. ISBN 978-601-08-5373-7

Жоғары мектептегі тілдік білім – құндылық бағдар қалыптастырудың маңызды бөлімі // «ҚАЗАҚ ЛИНГВИСТИКАСЫ: ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕ ИНТЕГРАЦИЯСЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның аңдатпалар жинағы. – Астана: НУ, 2025. – 60 б. ISBN 978-601-08-5099-6

Болашақ қазақ тілі мұғалімінің аксиологиялық құзыреттілігі // «Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе, мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы. - Астана, 2025. – Б. 65-70. ISBN 978-601-385-146-4

Қазақ тіл мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың зерттелуі жайынан // «Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе, мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы. - Астана, 2025. – Б. 129-132. ISBN 978-601-385-146-4

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық зерттеу жұмысының құрылымы кіріспе, 3 негізгі тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қосымшадан тұрады. Негізгі тараулардың әрқайсысы 2 тараушадан құрылған.

Жұмыстың «Аксиологиялық лингвистиканың теориялық негіздері, тіл біліміндегі орны» атты бірінші тарауында отандық және шетелдік ғалымдардың тіл мен құндылық ұғымдарының байланысы жайында зерттеулеріне теориялық талдау жасалды.

«Аксиологиялық құзыреттілік қалыптастыруда мәтіннің түрі мен тілінің ғылымын меңгертудің маңызы» атты екінші тарауда А. Байтұрсынұлының қазақ тілін оқытуда негіз есептеген мәтіннің түрі мен тілін оқыту маңызы талданды. Оқулық материалдары мен тіл білімінің әр саласының аксиологиялық құзыреттілік қалыптастырудағы рөліне талдау жасалды.

Үшінші «Қазақ тілі сабағында оқушылардың аксиологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты тарауында қазақ тілі сабағының аксиологиялық құзыреттілік дамытудағы аксиопедагогика және тіл әдістемесі еңбектеріне шолу жүргізілді. Нәтижесінде қазақ тілі сабағында оқушылардың аксиологиялық құзыреттілігін қалыптастырушы әдіс-тәсілдер анықталып, сараланды.

Екінші тарауда берілген оқулық мәтіндерінің аксиологиялық лексиканың кездесу жиілігіне жасалған контент-талдауының негізінде қосымша берілді. Қосымшада оқулықтың әр тарауында 5 немесе одан да көп кездесетін аксиологиялық тілдік бірліктердің сандық көрсеткіштері ұсынылды.

1 АКСИОЛОГИЯЛЫҚ ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕР ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ОРНЫ

1.1 Аксиологиялық лингвистика: тіл және құндылық категорияларының байланысы

Аксиологиялық бағыт адамды қоғамның ең жоғарғы құндылығы, қоғамдық дамудың басты мақсаты ретінде зерделейді. Тұлғаның дүниеге, әлемге деген қатынасы рухани және құндылық негізден құралады. Сол арқылы әсерленіп отырады [1, 128]. Аксиология әртүрлі өркениеттердің жетістіктерін, жалпыадамзаттық, рухани-адамгершілік, әлеуметтік-мәдени, ұлттық және материалдық құндылықтардың қалыптасуын, нақтылы даму тектері мен бағдарларын айқындайтын білімдердің нақтылы-тарихи жүйесі болып көрініс табады.

XXI ғасырда аксиология тек философия шеңберінде қалған сала емес. Қазір ол медицинадан бастап цифрлық коммуникацияға дейін араласып кетті. Мысалы, 2020 жылдан кейін биоэтика мәселелері медициналық шешім қабылдауда жиі талқылана бастады: пациент құқығы, жасанды интеллект диагностикасы, генетикалық араласу. Осындай өзгерістерден кейін құндылық мәселесін тек «абстракт теория» ретінде қарастыру қиындады [2, 168]. Ғылымдардың шекарасы араласып барады. Тіл білімі де шетте қалған жоқ.

Сол себепті аксиология мен лингвистиканың түйіскен тұсында аксиолингвистика бағыты қалыптасты. Кей зерттеушілер оны жаңа ғылыми тренд ретінде бағалайды, бірақ мәселе одан тереңірек. Адамзат тарихында құндылықтарды сақтау көбіне тіл арқылы жүрген. Заң өзгерген, мемлекет ауысқан, идеология құлаған кезеңдерде де кей ұғымдар сөз арқылы сақталып отырған. Мысалы, «обал», «сауап», «аманат», «ұят» сияқты сөздер тек лексикалық бірлік емес. Олардың ішінде әлеуметтік бақылау, мораль, мәдени тәжірибе қабаттасып жатыр. Мұндай ұғымдарды басқа тілге дәл аудару қиын. Кейде тіпті мүмкін емес.

Тіл - нейтралды жүйе емес. Әрбір сөз, әрбір тіркес белгілі бір бағалауыш мазмұнды өзімен бірге алып жүреді. Бұл қарапайым бақылаудан аксиологиялық лингвистика деген бүтін бір бағыт өсіп шыққан.

Аксиология философияда құндылықтарды зерттейтін сала ретінде XIX ғасырда қалыптасты - Лотце, Вindelъбанд, Ріккерт есімдерімен байланысты. Тіл біліміне бұл идеялар кейінірек келді. XX ғасырдың ортасында - Сепир-Уорф гипотезасы, кейін когнитивтік лингвистика - тілдің дүниені бейнелеп қана қоймай, оны белгілі бір бағытта қалыптастыратынын дәлелдей бастады. Осы жерден тіл мен құндылықтың байланысы ғылыми мәселеге айналды.

Аксиолингвистика - тілдегі бағалауыш мағыналарды, олардың мәдени-әлеуметтік шарттылығын зерттейтін салааралық бағыт. Орыс тіл білімінде Н. Арутюнова, В. Телия, Е. Вольф осы бағытты дамытты. Қазақ тіл білімінде бұл зерттеулер кешірек жүйеленді - негізінен 2000-жылдардан бастап белсенді дамып келеді.

Тілдегі құндылық екі деңгейде жұмыс істейді. Бірінші деңгей - лексикалық: жақсы/жаман, ұят/намыс, халал/харам сияқты сөздер тікелей бағалауыш мағына береді. Екінші деңгей - жасырын: кейбір сөздер мен тіркестер нейтралды көрінгенімен, белгілі бір мәдени позицияны қалыптастырады. Мысалы, «ер азаматтың міндеті» деген тіркес - грамматикалық тұрғыдан қарапайым, бірақ аксиологиялық тұрғыдан күрделі: онда жыныстық рөл, жауапкершілік, қоғамдық күту бір мезгілде бар.

Қазақ тілінде бұл жасырын деңгей өте бай. Концепт-сөздер - «жер», «ел», «ата», «намыс» - жай лексика емес, мәдени-философиялық жүйенің тірегі. Осы концепттерді зерттемей қазақ тіліндегі аксиологиялық мазмұнды түсіну мүмкін емес.

Қазіргі цифрлық ортада осы қабат жұқара бастағаны туралы пікірлер де көбейді. Әлеуметтік желілердегі қысқарған сөйлеу, аралас тіл, эмоцияны emoji арқылы беру құндылықтық мағынаның өзгеруіне әсер етеді деген көзқарас бар. Іс жүзінде бұл мәселе әлі толық зерттеліп біткен жоқ. Бірақ тілдің тек ақпарат жеткізетін құрал емес екені анық сезіледі.

Тіл тірі жүйеге ұқсайды. Бір кезеңде жаңа сөздерді тез қабылдайды, бір кезеңде ескі формаларды сақтап қалады. Кей сөздер қолданыстан кеткенімен, олардың мәдени ізі жоғалмайды. Қазақ тіліндегі туыстық атаулардың өзі соны көрсетеді. «Нағашы», «жиен», «балдыз» секілді атаулар әлеуметтік қатынастың нақты моделін сақтап тұр. Орыс немесе ағылшын тіліне аударғанда сол реңк толық берілмейді. Сондықтан ұлттық-мәдени құндылықтардың тіл ішінде қалай бекітілетінін онтологиялық деңгейде қарастыру қажеттігі туындайды.

Аксиологияның тіл біліміне енуі туралы айтқанда Н.Г. Комлевтің анықтамасы жиі қолданылады. Ол аксиологияны әлеуметтік лингвистиканың тіл мен бағалау жүйесін зерттейтін бағыты ретінде түсіндіреді [3, 4]. Бір қарағанда қысқа анықтама. Бірақ оның астарында күрделі мәселе жатыр: адамдар сөз арқылы тек ақпарат бермейді, сонымен бірге бағалайды, қолдайды, қабылдамайды немесе шеттетеді.

Қазақ тілі - тек қарым-қатынас құралы емес. Онда халықтың тарихи жады, этикалық нормалары және дүниетанымы сақталған. Бұл - риторикалық сөз емес, лингвистикалық факт.

Мақал-мәтелдерді алайық. «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» - бұл тілдік бірлік отбасылық рөлдерді, еңбекті, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін дағдыны бір сөйлемде кодтайды. Грамматикалық талдау мұны ашып бере алмайды - аксиологиялық талдау ғана керек.

Фразеологизмдер де осы қатарда. «Елі үшін еңіреген ер өлмейді», «Жігіттің жақсысы елін сүйер» - бұлар ұлттық ерлік концептісін тілдік формада сақтайды. Оқушы бұл тіркестерді жаттанды сөз ретінде қабылдамауы керек - олардың артындағы мәдени мазмұнды ұғынуы тиіс.

Шешендік сөздер - тағы бір қабат. Би-шешендердің сөздерінде қазақ этикасының ең нәзік тұстары сақталған: әділдік, кешірімділік, ақылдылық - бәрі нақты тілдік формада берілген. Бұл материал сабақта пайдаланылса - оқушы тілді де, этиканы да бір мезгілде меңгереді.

Құндылық танытушылық қызмет - бұл тілдің қасиеті, оны жасанды қоспай-ақ мәтінде бар. Мәселе - мұғалімнің осы қабатты көре алуында және оны оқушыға ашып беруінде.

Мысалы, бір ғана «дәстүрлі» сөзінің әр ортада әртүрлі қабылдануы соны көрсетеді. Бір аудитория үшін ол тұрақтылық пен мәдени жалғастықты білдіреді. Екінші ортада консерватив ұстаным ретінде қабылдануы мүмкін. Яғни тілдік бірліктің мағынасы сөздіктегі анықтамамен ғана шектелмейді. Оның әлеуметтік тәжірибемен байланысы күшейіп барады.

Қазіргі аксиолингвистика тілдік бірліктердің бағалау әлеуетін, олардың әлеуметтік-мәдени шарттары мен коммуникативтік қызметін бөлек емес, бірге қарастырады. Көпэтносты немесе көптілді қоғамда бұл мәселе өз алдына бөлек күрделілік алады. Қазақстандағы тілдік орта - осының айқын мысалы. Бір сөздің өзі қала мен ауылда, жас буын мен аға буында мүлдем басқа эмоциялық реңк тудыруы мүмкін. Кейде мұндай алшақтық мәдени үзіліске апарды деген пікірлер де айтылады - бұл толық дәлелденген тұжырым емес, бірақ назар аударуға тұрарлық құбылыс.

Тіл семиотикалық кеңістік. Онда грамматика мен лексика ғана емес - тұтас құндылық жүйесі қозғалыста жүреді. Аксиолингвистиканы тек теориялық бағыт деп шектеп қоюдың өзі жеткіліксіз болар еді. Ол қазіргі қоғамдағы мәдени өзгерістерді, тілдік трансформацияны және ұлттық дүниетанымның сақталу механизмдерін түсіндірудің практикалық құралына айналып барады.

Аксиологиялық лингвистика (грек. *axios* - бағалы, құнды; *logos* - ілім; лат. *lingua* - тіл) - моральдық, этикалық, мәдени және өзге де құндылықтарды, адам әрекетінің бағытын анықтайтын маңызды қағидаттарды, іс-әрекеттегі уәжділікті және жалпы құндылықтар теориясын тіл арқылы зерттейтін тіл білімінің саласы [4, 11].

Гуманитарлық ғылым ретінде бұл пән ең алдымен мәдени және адамгершілік құбылыстарды тануға жол ашады. Мәдениеттің іргелі деңгейінде жұмыс істейді - қазіргі өркениеттің рухани жағдайын анықтайтын өзіндік ғылыми «диагностика» қызметін атқарады [5, 28]. Яғни қоғамдағы құндылықтар жүйесінің сипатын, оның өзгеру динамикасын, мәдени-рухани бағдарларын тіл арқылы оқуға мүмкіндік береді.

Аксиолингвистика тіл біліміндегі маңызды бағыттардың біріне айналды. Гуманитарлық ғылымдар жүйесінде де ерекше сұранысқа ие пән ретінде қалыптасып келеді. Қоғамдық даму мен әлеуметтік прогрестің қысымымен көптеген ұғымдар үнемі қайта қарастырылады, жаңа мазмұнмен толықтырылады. Мұндай өзгерістер тілдегі бағалау жүйесіне де тікелей әсер етеді - құндылық бағдардың жаңаша берілуіне жол ашады.

Тілде көрініс табатын аксиологиялық әлем бейнесі әр тұлғаны белгілі бір құндылықтар жүйесіне бағдарлайды - өмірлік ұстанымдарына, мақсат-мұраттарына бағыт береді. В.И. Карасик құндылықтар мен тіл ұғымдарының арасындағы негізгі байланысты зерттеп [6, 4], олардың төрт түрлі ерекшелігін атап көрсетеді:

Тіл мен құндылықтар әлемінің байланысы әмбебап (жалпыадамзаттық) және ұлттық-мәдени сипаттағы екі құрамдас бөлікке ие. Ұлттық ерекшелік әр ұлттың дүниетанымы әртүрлілігімен, олардың бағалау сипатының айырмашылығымен, құндылықтар жүйесінің байланысу, үйлесу тәсілдерінің ерекшеліктерімен сипатталады;

Екі саланың өзара байланысқан бағалау пікірлерін ескерген жөн. Бұл бағалау пікірлері құқықтық, діни моральдық кодекстермен, белгілі бір әлеуметтік ортада қалыптасқан пайымдаулар арқылы сабақтасады. Халықтық фольклор үлгілері, сонымен қатар кеңінен танымал әдеби сюжеттер де бағалау критерийлеріне өз үлесін айтарлықтай қосады;

Атап өткен бағалау пікірлерінің арасында ассоциативтік байланыстар арқылы қандай да бір мәдениеттің өзіне тән аксиологиялық парадигмаларын айқындау мүмкіндігін аламыз. Мысалы, ұрпақтар арасындағы қатынас үлгісі меншікке, бәсекеге немесе жеке кеңістікке деген көзқарас өзгешеліктерінен анықтауға болады;

Әр мәдени ортаның құндылық жүйесі, сол мәдениет үшін ерекше мәнге ие мағыналық, құндылық доминанттары болады. Ал негізгі құндылықтардың жиынтығынан әртүрлі мәдениет типі қалыптасады. Тіл, өз кезегінде, бұл жүйені сақтауға және ұрпақтан ұрпаққа таратушы құрал ретінде орын алады.

В.И. Карасиктің тұжырымдары бойынша аксиолингвистиканың негізгі аспектілерін 1-кестеде ұсынамыз.

1-кесте – Аксиолингвистиканың негізгі аспектілері (В.И. Карасик бойынша)

№	Негізгі аспекті	Мағынасы
1	Әмбебап ұлттық сипат	Құндылықтар жалпыадамзаттық және ұлттық-мәдени деңгейде сипатталады
2	Бағалау пікірлері	Құқықтық, діни, моральдық нормалармен, фольклормен байланысады
3	Ассоциативтік байланыс	Құндылықтар арасындағы байланыс арқылы мәдени парадигма қалыптастырады
4	Құндылық доминанттар	Әр мәдениеттің негізгі құндылықтар жүйесін сақтап, таратады

Аксиолингвистика көркем мәтіндерді, өзге де мәтін түрлерін, диалогтар мен әңгімелерді әртүрлі әлеуметтік топтардың құндылықтарын айқындайтын зерттеу нысаны ретінде талдауға мүмкіндік береді. Бұл талдау барысында жас ерекшелігіне, жыныстық айырмашылықтарға, кәсіби және әлеуметтік мәртебеге тән құндылық бағдар, жеке тұлғалық құндылық жүйесін қажет етеді. Бұл ойды И.Р. Гальперин еңбектерінде негізделіп, мәтін өз құрылымында тек ақпараттық қызмет атқарушы ғана емес, құндылық-эстетикалық мазмұнды жеткізуші күрделі жүйе екені айқындалады [7].

Аксиология мен тіл білімінің арасындағы байланысты орнатушылардың кезектісі тілдің басты қызметтерінің бірі - сөйлеу, коммуникация қызметі арқылы

да жеткізуге болады. Аксиологиялық жүйе сөйлеу үдерісінде арнайы жүзеге асыру механизмдерінің көмегімен, яғни иллокутивтік (сөйлеу мақсаты) актілер негізінде белсенді күйге өтеді. Бұл жүйе нақты коммуникативтік жағдаятта іске асатын құндылық мазмұнға сәйкес тілдік тұлға арқылы берілетін иллокутивтік мағыналар жиынтығын қамтиды. Осы мағыналарды түсіндіруге мүмкіндік беретін бейнелеуші құралдар жүйесінің болуы маңызды.

Коммуникациялық иллокуциялар аксиологиялық жүйені сөйлеу кеңістігіне енгізетін тетіктер деп санаймыз. Құндылық мазмұн белгілі бір сөйлеу жағдаятында тілдік тұлға арқылы іске қосылып, сол арқылы иллокутивтік мағыналардың тууына жол ашады. Бұл үдеріс бейнелеушілік құндылықтар жүйесімен толықтырылады. Сөйлеу барысындағы қосымша мақсаттар қабаттасқан мағынаны айқындау арқылы ұғымдар мен құндылық категорияларын стандартты түсінуге жеке бейнелік реңк береді. Ал негізгі және қосалқы мақсаттық құрылымдар тілдік тұлғаның сөйлеу мінез-құлқы мен сөйлеу барысындағы ниетіне ықпал ету ерекшелігіне ие.

Сөйлеу уақытында құндылық мағынаны игеру мен белсенді қолдану үшін арнайы аксиологиялық тәсілдер қолданылады. Соның нәтижесінде мақсаттың мазмұны мен күрделілік деңгейін айқындайтын тіл иеленушінің өз ұстанымдары пайда болады. Мұндай тұлға психология, коммуникация, мәдениет салаларымен қатар, алдын ала болжау қабілеттерін меңгергені дұрыс. Осы тұста этикалық (этикет) құндылықтар жүйесін алғышарт деп танимыз.

Диагностикалық құзыреттілік адресаттың құндылық доминанттарын тани алу қабілетіне сүйенеді. Дәл осы доминанттарды негіздеу иллокутивтік ықпалдың нәтижелігін қамтамасыз етеді.

Коммуникативтік тұрғыдан құзыретті тілдік тұлға сөйлеушімен өзара әрекетін тиімді ұйымдастыру үшін келесі дағдыларды меңгеруі қажет [8, 12]:

- Сөйлеу үдерісін ойластырған жоспарға сай құрылымдау (тақырыптан ауытқымау);
- Сөйлеу жағдаятына тақырыпты дұрыс таңдау;
- Сұхбаттасушыға эмпатиялық қатынас білдіру;
- Жанрлық регистрлерді (айтар ойын) икемді түрде таңдап, қажет болса өзгертіп отыру;
- Ыңғайсыз немесе орынсыз сөйлеу тәсілдерінен бас тарту;
- Тындаушыға әсер қалдыру;
- Қақтығыссыз (конфликт) дискурс қалыптастыру.

Аксиологиялық жүйенің сөйлеу барысында жүзеге асуы тілдік тұлғаның құндылық бағдарын, коммуникативтік құзыреттілігін және бейнелеушілік мүмкіндіктерін кешенді түрде іске қосатын үдеріс бейнесінде сипатталады.

Лингвистика саласында аксиология бірнеше бағыттармен байланыста қарастырылады. Тілдің құндылық әлеуетін әр қырынан зерттеуге мүмкіндік береді [9, 52].

Лингвистикалық антропология және аксиология.

Тіл білімінде аксиологиялық ұстаным тек тілдік бірліктерді талдаумен шектелмейді. Сол бірліктердің өзара әрекет үдерісінде қалыптасатын әлеуметтік-

мәдени нормалар мен құндылықтар жүйесін де зерттеуге бағытталады. Тілдік құрылымдарға енгізілген ұстанымдар мен бағалаушы мазмұн белгілі бір ұлттың немесе қоғамның терең мәдени бағдарын, мінез-құлық нормаларын және дүниетанымдық көзқарасын бейнелейді. Тіл – мәдени кодты хабарлайтын әрі ұжымдық сананың құндылық өлшемдерін сақтайтын құрал.

Аксиолингвистиканың эмоциялық қыры.

Тұлғаның құндылық бағдарын айқындауда сөз мағынасы ғана емес, сөздің эмоциялық реңкі де маңызды рөл атқарады. Бір тілдік бірлік әртүрлі мәдени кеңістікте түрлі эмоциялық мән тудыруы мүмкін. Бұл құбылысты белгілі бір қоғамдағы құндылық иерархиясының ерекшелігімен байланыстырамыз. Демек, құндылық «бағалау» өлшемі болса, оның семантикасы тек рационалды мазмұнмен шектелмейді. Эмоциялық реңк те көрініс береді.

Тілдегі құндылық ұстанымдары тұрақты сақталып тұра бермейді. Қоғамдағы өзгеріс күшейген сайын сөйлеудегі бағалау өлшемдері де ауысады. Соңғы 10-15 жылдағы әлеуметтік желі мәдениеті соны анық көрсетті. Бұрын тек бейресми ортада қолданылған сөздер қазір қоғамдық дискурстың бір бөлігіне айналды. Кей ұғымдардың салмағы өсті, кейбірі керісінше әлсіреді. Мысалы, «еркіндік», «жеке шекара», «токсик қарым-қатынас» секілді тіркестер 2020 жылдан кейін жастар тілінде жиі айтыла бастады. Мұндай өзгеріс жай ғана жаңа сөздердің пайда болуы емес. Қоғамның ненің дұрыс, ненің қабылданбайтынын қайта бағалап жатқанын көрсетеді.

Бірақ барлық орта бірдей өзгеріп жатыр деу қиын. Қала мен ауылдағы тілдік реакцияның өзі кейде екі түрлі болады. Бір әлеуметтік топ үшін қалыпты саналатын сөз екінші ортада теріс қабылдануы мүмкін. Әсіресе гендерлік, діни немесе ұлттық тақырыптарда мұндай айырмашылық қатты сезіледі. Сондықтан тілдегі аксиологиялық динамиканы тек лексика ауысуы ретінде қарау жеткіліксіз. Оның артында әлеуметтік тәжірибе, қорқыныш, мәдени қысым, кейде тіпті буындар арасындағы жасырын конфликт тұрады.

Аксиолингвистика мен когнитивті лингвистиканың жақындасуы да осы мәселеден шықты. Адам белгілі бір құндылықты жай қабылдамайды, оны ойлау моделі арқылы сүзгіден өткізеді. Бір сөздің әр адамда әртүрлі эмоция тудыруы кездейсоқ емес. Мысалы, «дәстүр» сөзі бір адам үшін тұрақтылық пен тәрбие ұғымын білдіреді, ал екінші адам оны шектеу немесе қысым ретінде қабылдауы мүмкін. Сөз өзгермейді, бірақ когнитивті фон өзгереді.

Қазіргі зерттеулерде тіл, ойлау және қабылдау үдерістері бір-бірінен бөлек қарастырылмайды. Әсіресе 2018 жылдан кейін когнитивті ғылым мен нейролингвистика саласындағы еңбектерде бағалау категорияларына назар күшейді. Себебі адам ақпаратты бейтарап қабылдайды деген түсінік әлсіреп барады. Іс жүзінде тұлға кез келген құбылысты өз құндылық жүйесі арқылы бағалайды. Кей жағдайда сол бағалау автоматты түрде жүреді.

Сөйлеу әрекеті қоғамнан тыс өмір сүрмейді. Адам қолданатын сөздерге мектеп, отбасы, медиа, дін, тіпті TikTok пен Instagram алгоритмдері әсер етеді. Мысалы, 14–20 жас аралығындағы жастар тілінде қысқа эмоциялық реакциялар күшейіп барады: «краш», «хейт», «вайб», «имба». Мұндай сөздер көңіл күйді лезде білдіруге бейімделген. Бірақ мәселе тек сленгте емес - бағалау тәсілінің өзі

өзгеріп жатыр. Ұзақ моральдық пайымның орнына қысқа эмоциялық белгі келіп жатыр деген пікірлер де айтылуда. Бұл тұс әлі де пікірталас тудырады.

Тілдегі әлеуметтік стереотиптер де осы аксиологиялық жүйенің ішінде қалыптасады. Кей сөздердің өзі қоғамдағы қатынасты реттеп тұрады. Қазақ тіліндегі «ұят», «обал», «сауап», «тәрбие» сияқты ұғымдар тек моральдық категория емес - әлеуметтік бақылаудың тілдік формасы. Сондықтан құндылықтар жүйесі адамның шешім қабылдауына тікелей ықпал етеді, кейде өмірлік маңызды таңдауларға дейін. Психология мен әлеуметтік философиядағы бірқатар зерттеулерде адамның сыни жағдайда қандай құндылықты бірінші орынға қоятыны арнайы қарастырылады [10, 164–165]. Тіпті өміріне қауіп төнсе де, өз моральдық ұстанымынан бас тартпайтын жағдайлар кездеседі.

Қазіргі тіл біліміндегі антропоэлекті бағыт «сөйлеудің аксиологиялық тәсілі» деген ұстанымды нығайтты. Тіл мұнда тек грамматикалық құрылым емес - қоғамдағы құндылықтар картасының бір бөлігі. Әр әлеуметтік топтың сөйлеуінде өзіндік таңдау механизмі жұмыс істейді: саяси ортада бір сөз абайлап айтылады, жастар ортасында сол сөз ашық қолданылуы мүмкін. Гендерлік дискурста да айырмашылық қатты сезіледі. Кей зерттеушілер мұны тілдің поляризациясы деп атайды - бірақ бұл тұжырымның өзі әлі пікірталас тудырады.

Тұрақты тіркестер мәселесі толық зерттеліп болған жоқ. Адамның моральдық ұстанымы көбіне дәл фразеологиялық деңгейде сақталады. «Ардан безу», «бетке шіркеу болу», «жүзге таңба» сияқты тіркестерде қоғамның этикалық өлшемдері шоғырланып қалған. Жай көркем сөз емес бұл - әлеуметтік санкцияның тілдегі кодталған формасы.

Жеке тұлғаның сөздік қоры мен ұлттық тілдік бірліктердің рөлін зерттеу әлі де ашық мәселе [11, 1526]. Цифрлық дәуірде құндылықтардың тіл арқылы берілу механизмі өзгеріп барады. Қандай бөлігі сақталады, қандай бөлігі жойылады - нақты жауап әлі жоқ.

Соңғы жылдардағы лингвистикалық зерттеулерде құндылық ұғымы, олардың қарама-қарсылығы, тілдегі берілуі мен өзара байланысы талдануда. Шет тілдерін оқыту үдерісінде құндылықтар мен антиқұндылықтарды қалыптастыру жолдары өзекті мәселе ретінде талқыланады. Тіл тек коммуникация құралы емес - халықаралық мәдениет пен құндылықтарға бағдар беретін механизм деп танылуда. Мәдениеттер арасындағы қайшылықтардың алдын алуда тілдің рөлі де осы тұрғыда қаралады.

Бейтаныс тілдік бірліктерді дұрыс түсіну үшін шет тілін жоғары деңгейде меңгеру қажет. Шет тілін білмеген жағдайда кей кірме сөздер - жер-су атаулары немесе халықаралық деңгейдегі терминдер - белгілі бір дәрежеде түсінікті болуы мүмкін [11, 1526]. Бірақ адам шет тіліндегі дыбыстарды арнайы білімсіз-ақ өз туған тілінің жүйесі арқылы қабылдап, өзіндік бейне жасауға бейім.

Тіл - аксиолингвистиканың маңызды дереккөзі. Лингвистикалық аксиология синхрониялық және диахрониялық аспектіде «құндылықтар тілі» мәселесін, мәтін ішіндегі табиғи және жүйелі сөз қолданысы мен тіркесімділікті зерттейді. Құндылықтар адам өмірінің қағидаттары мен мақсаттары ретінде ішкі мәдени кеңістікті, ұлттық-мәдени танымды айқындайтын негізгі құрамдас бөліктерді сипаттайды. Тіл - бейнелеуші құрал ғана емес, адам санасын

қалыптастырушы, «негізгі құндылықтардың айнасы» қызметін атқарушы құбылыс.

Әр жеке тұлғаның зат пен құбылысқа, сапаға берген бағасының тілдік бірліктерден көрініс табуы қорытындысында тіл білімінің дара бағыты – аксиологиялық лингвистика ғылымы қалыптасып, лингвомәдениеттану, әлеуметтік лингвистика және когнитивті лингвистика салаларымен бір жолда үндестік тауып келеді. Аксиолингвистика үшін ең алдымен аксиологиялық парадигмадағы «бағалау» категориясын қарастыру маңызды. Зерттеушілер «құндылық» түсінігімен өзара байланыста жүретін ерекше, құндылық қатынасының нәтижесі ретінде айқындалатын бағалау категориясын қарастырады.

Құндылықтар туралы алғашқы түсінік ежелгі грек ғалымы Сократтан бастау алады. Сократ үшін құндылық дегеніміз – «адамның өмірді бағалауы» [12, 37]. Ал Аристотель «жақсылық», «игілік» ұғымдарын жағымды мінез- құлықты, рухани құндылықты бейнелеуде қолданды. Құбылысты, затты жағымды бағалау үшін құнды игілікті түсінуге негізделген. «Ізгілік» сөзі салыстырмалы мағынада белгілі бір жағдайдағы адам үшін жақсылық, пайдалы нәрсе деп түсіндіріледі. Рухани-адамгершілікке тәрбиелейтін ғылым этика. Аристотельдің пайымдауында: «... этиканың мақсаты – таным емес, ізгілікке үйрету. Этикалық зерттеулер рухани-адамгершілік дегеннің не екендігін білу үшін емес, осы рухани-адамгершілікке жетудің жолдарын үйрету үшін қажет, олай болмағанда бұл ғылымның пайдасы болмас еді» [12, 37]. Бағалау – танымдық феномен ретінде сапаны анықтау формасы. Бағалауды әлемді тану және оған сыни көзқарас деп түсінуге болады. Бұл - өмір сүру кеңістігіндегі субъектінің қабылдау мен тану тәжірибесі. Бағалау адамды қоршаған ортамен, табиғатпен, әлеуметтік және басқа да шындықпен, адамдармен байланыстыра отырып, оны құндылықтар әлеміне енгізеді. Бағалау арқылы құндылықтарды танимыз. Сол бағалау арқылы лингвистикалық аксиологиялық талдау жүргізіліп, әлемнің тілдік суретіндегі аксиологиялық аспектілер көрінеді. Л.А. Сергеева объектінің сипаттамасы бойынша тек құндылық категориясы арқылы берілген пікірді ғана айтуға болады деп есептейді [13, 40].

Құндылық ұғымы - аксиолингвистиканың өзекті әрі негізгі категорияларының бірі. Тұлға болмысының мәнін айқындайтын түйінді концепттердің қатарына жатады. Құндылықтар адамның дүниетанымдық көзқарасының іргетасын құрайды - бұл жерде «іргетас» деген сөз бос метафора емес: адам белгілі бір құндылықсыз өмірлік бағыт таңдай алмайды. Адам өмірінің мағына түзуші компоненттері ретінде құндылықтар оның өмірлік бағдарын, мақсат-мүддесін, іс-әрекетінің қызметі мен уәжін айқындайды. Олар әр адамның мінез-құлқында шешуші рөл атқарады және қоғамды мен оның өзгерістерін бейнелеудің негізіне айналады. Демек құндылықтар адамдардың іс-әрекетіне, әлеуметтік ұстанымына, өзіне және қоршаған әлемге деген қарым-қатынасына оң немесе теріс ықпал етуі мүмкін.

Құндылық феноменінің жалпылама сипаты оны кешенді әрі пәнаралық тұрғыда зерттеуді қажет етеді. Адамзат мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі бола отырып, құндылықтар нормалар мен идеалдармен қатар тілде де көрініс

табады. Тіл – адам санасына құндылық ұғымдарын жеткізуші негізгі құрал болғандықтан, дәл осы тіл арқылы құндылық қатынастың қалыптасу тетіктерін, құндылық әлем бейнесінің құрылымын тануға мүмкіндік аламыз. Тіл – белгілі бір қоғамның құндылықтар негізін жинақтап, сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін мәдени-танымдық код.

Философияда құндылықты көбіне қолмен ұстап көруге келмейтін, тек ой деңгейінде өмір сүретін нәрсе деп түсіндіреді. Материал жоқ, бірақ әсері бар. Біртүрлі парадокс. Ал тілге келгенде жағдай басқаша: құндылық сөзге айналады, нақты сөйлемнің ішінде көрінеді, кейде бір ғана сөздің өзінен байқалып қалады. Г.Г. Слышкин осы айырманы ерекше атап өтеді - құндылық тілсіз «жүзі жоқ идея» күйінде қала алмайды [14, 27–28].

Бір қарағанда философия құндылықты жоғары деңгейге көтереді, оны тәжірибеден алыстатып жібереді. Сол жерде «мәңгі», «өзгермейтін», «трансцендент» деген ұғымдар жиі жүреді. Бірақ лингвистикаға кіргенде сурет бұзылады. Құндылық күнделікті сөйлеуде өмір сүреді, тіпті базардағы әңгімеде де байқалады. Мысалы, 2023 жылғы қала мен ауыл тілін салыстырған зерттеулерде (Алматы мен Түркістан аймағы) бір сөздің бағалау реңкі екі ортада екі түрлі қабылданатыны көрінген. Яғни теориядағы тұрақтылық практикада онша жұмыс істемейді. Осы тұс әлі де талас тудырады.

Екінші айырма праксиологияға тіреледі. Философияда құндылық пен әрекет арасын бөлу кейде шартты ғана. Бірақ тілде бәрі араласып кетеді. Адам не істесе, соны тіл арқылы бекітеді немесе жоққа шығарады. «Жақсы», «дұрыс», «ұят» сияқты сөздер жай баға емес, әрекетті реттейтін белгі сияқты жұмыс істейді. Сол себепті аксиологиялық және праксиологиялық деңгейлерді бөлек қарау әрдайым нәтиже бермейді деген күмән бар.

Үшінші мәселе - зерттеу фокусының айырмасы. Философ құндылықтың «не екенін» іздейді. Ал лингвист көбіне оның «қалай айтылатынын» қарайды. Біріншісі мағына түбіріне барады, екіншісі сол мағынаның сөйлем ішіндегі өмірін бақылайды. Мысалы, «ар», «намыс», «бедел» сияқты сөздер тек анықтама емес, нақты контекстке байланысты өзгеріп отырады. Бір жағдайдағы «намыс» мақтанш болса, басқа ортада қысым құралына айналуы мүмкін.

Төртінші айырма - позитив пен негатив. Философия көбіне «жақсыны» жүйелеуге бейім. Ал тіл ондай шектеуге бағынбайды. Теріс бағалау күнделікті сөйлеуде тіпті жиірек кездеседі. «Жаман», «ұят», «орынсыз», «дұрыс емес» деген конструкциялар нақты әлеуметтік бақылау қызметін атқарады. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерді талдаған 2019 жылғы корпус материалында негатив бағалау үлесі кей контексте 40%-ға дейін жеткен. Бұл жай статистика емес, тілдің ішкі балансы туралы сигнал.

Осы айырмашылықтардың бәрі бір нәрсені көрсетеді: тілдегі құндылық статикалық ұғым емес. Ол сөйлеген сайын қайта құралады. Кейде тіпті бір адамның сөйлеу мәнерінен оның құндылық иерархиясын байқауға болады. Бірақ бұл да толық дәл заңдылық емес, себебі контекст жиі бәрін өзгертеді.

Құндылық ұғымының өзі ғылымда біркелкі емес. Философия, әлеуметтану, психология - бәрі әртүрлі анықтама береді. Сол үшін терминнің шекарасы нақты бекімеген. В.К. Шохин осыны атап өтіп, «құндылық» сөзі ғылыми айналымнан

шығып, күнделікті тілге тым сіңіп кеткен ұғымдардың біріне айналғанын айтады [15, 7]. Яғни ол бір жағынан ғылыми термин, екінші жағынан күнделікті бағалау құралы.

Егер құндылықты абстракт нәрсе деп қарасақ, онда оны түсіндіру үшін сыртқы байланыстарды көбірек көру керек болады. Баумгартен еңбектерінде осы ой бар: құндылық көбіне объектінің сыртқы қатынасынан анықталады [16, 87]. Ал «қадір-қасиет» сияқты ұғымдар ішкі құрылымға жақын. Екеуі бір нәрсе емес, бірақ жиі шатастырылады.

Лингвистикалық көзқараста И.А. Стерин құндылықты тарихи тәжірибенің жиналған формасы деп сипаттайды [17, 108]. Бұл жерде маңыздысы - құндылық жеке адамның ойынан емес, ұрпақаралық тәжірибеден қалыптасады деген идея. Бірақ ол тәжірибе қағазда емес, тілде сақталады. Сөз жоғалса, кей құндылықтың ізі де әлсірейді.

Соссюрдің тілдік таңба концепциясы осы жерге тікелей кіреді [18, 276]. Мағына мен форма бір-бірінен бөлінбейді. Бірақ олардың байланысы тұрақты емес, жүйе ішінде ғана жұмыс істейді. Фонема, морфема, лексема, синтаксис, контекст - бәрі бірге коммуникация жасайды. Біреуін алып тастасаң, мағына бұзылады.

Структурализм осы байланыстарды жүйе ретінде қарайды. Бір элементті түсіну үшін қалғандарын да ескеру керек. Мысалы, морфологияны фонологиясыз түсіндіру қиын. Бұл қарапайым ереже сияқты көрінеді, бірақ кейде тілдік талдауда ескерілмей қалады.

Соңғы деңгей - күнделікті этикалық таңдау. Бір адамға дөрекі әзіл айтылғанда оның күлмеуі жай эмоция емес. Ол ішкі құндылық фильтрінің жұмыс істеп тұрғанын көрсетеді. Кей зерттеулерде мұндай микро-реакциялар адамның моральдық құрылымын ашатын индикатор ретінде қарастырылады [18, 277]. Бірақ мұнда да толық бірізділік жоқ: контекст бәрін өзгерте алады.

Аксиологиялық әдіснаманың негізін құрайтын категориялар тілде сақталады, өз жалғасын табады. В. фон Гумбольдттің тұжырымдамасына сай, тілді белгілі бір этнос өкілдерінің ұлттық коды деп қарастырамыз [19, 48]. Тіл ұлттың ойлау жүйесімен, ұлттық санасымен, әлеуметтік-мәдени өмірімен тікелей байланысты. Ұлт не этностың ділін айқындайтын негізгі фактордың бірі – тіл. Тіл – адам рухының айқын көрінісі. Ғалымның «Халықтың тілі – оның рухы; бұдан артық үйлесімді ұқсастықты елестету қиын» деген ойлары дәлел болады.

Құндылықтарды тіл білімінде зерттеудің нәтижелі әдістерінің бірі – салыстырмалы аспектіден зерттеу. Бұл зерттеулер әр тілде әрқалай орын алады. Ортақ нәтижесінде тілдік деңгейде құндылықтардың қалай көрініс табуы, олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін зерделенеді. Сондай-ақ құндылықтардың тілдік объективтенуіндегі ортақ үрдістерді де айқындауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде белгілі бір халықтың аксиологиялық бірліктерін зерттеу арқылы оларды туыстас халықтардың тарихи-тілдік санасымен, ортақ ұлттық-мәдени кеңістігімен сабақтастыра, салыстыра аламыз.

Бүгінде бұл екі құбылысты бір-бірінен бөлек қарастыру мүмкін емес. Өйткені олардың өзара байланысы және ықпалы міндетті түрде ескеріледі. Тіл де, құндылық та бөлек жүйе қызметінде ғылым салаларында өз орындары бар.

Дегенмен олардың ортақ сипаттары айқын. Қазіргі антропоцентристік парадигмада тіл мен адам байланысы тереңде жатқан объектілер саналады. Сондықтан әлемдегі орын алған құбылыстардың барлығы дерлік адамның тәжірибесі, құндылықтары тұрғысынан пайымдалады.

Тіл білімінде құндылықтарды талдау ұлттық тілдік сананың ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ тілдік тұлға моделін жасауға бағытталған зерттеулердің аясын кеңейте түседі. Тіл – құндылықтарды сақтап, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін негізгі мәдени құрал. Сондықтан құндылықтарды анықтау мен сипаттау Абарысында, ең алдымен, тілдік деректерді анықтаудың маңызы ерекше.

1.2 Аксиологиялық құзыреттілік қалыптастырудағы қазақ тілінің құндылық танытушылық қызметі

Қазақ тілі – құндылық ұғымдарына бай тіл. Тіл байлығының қоғамдағы орны – сол тілде сөйлеушілердің құндылық санасын, жалпы құндылық бағдарын қалыптастырушы құрал.

Әр өркениетті мемлекет ұлттық құндылықтарды сақтау мен қорғауға айрықша мән береді. Оларды құқық тарапынан айқындау үшін арнайы заңнамалық негіз құрастырады. Қазақ тілі де елімізде мұндай ұлттық құндылықтарды сақтаудың бірден-бір тірегі. Тіл – ұлттық болмысты, ұлттың тарихи өзегін, мәдени мұрасын тасымалдаушы.

Зерттеушілер тілдің ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы маңызын ерекше атап көрсетеді. Ғасырлар бойы ұлттық болмыстың өзіндік ерекшеліктерін сақтап келген тіліміз ұлттық құндылықтар жүйесін қалыптастыруда зор әлеуетін нақтылады [20, 28]. Қазақ тілін тек ұлттық құндылықтарды тасымалдаушы рөлінде шектеу жасағанымыз жөн емес. Қазақ тілі арқылы болашақ ұрпақ жалпыадамзаттық, моральдық құндылықтарды өз бойына сіңіреді.

Әр адам белгілі бір ұлттың өкілі, сол халықтың діліне, дүниетанымына сай ерекшеліктер мен мәдени сипаттың жеке тұлға үшін өзіндік құндылықтар қалыптасатыны сөзсіз. Адамның құндылық ұстанымы оның ұлттық болмысымен тікелей байланысты демекпіз. Дамып жатқан қоғамының мәдени аясымен, тарихи тәжірибесімен тұлға түзеледі. Бұл фактті қандай деңгейде қарастырсақ та, кез келген ортаның әлеуметтік қатынастарының негізінде құндылықтар айнасы орын алады. Ал құндылықтар жүйесінің әлеуметтік ортада қалыптасып жатқан тұлғаға қалай даритыны тұлғаның өзіне байланысты. Зерттеу жұмысын солардың бірі – тіл жайында қарастырдық.

Құндылық жүйесінің әр адам үшін қалыптасуы туралы тұңғыш президент, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» еңбегінде атап өткен [21, 256-257]. Қазіргі кезде саяси-құқықтық және экономикалық институттар, өндіріс, оның техникалық объектілері дамыған заманда өмір сүреміз. Дегенмен мәдениет пен өркениет өзегі сол қалпында қалуда. Заман ауысқан сайын адамның қажеттіліктері мен рухани даму дәрежесі ауысып отыруы – заңдылық. Ал мәдени

көзқарас және белгілі бір қоғамға, этносқа сай дүниетаным өзгеріссіз қалады. Құндылықтар жүйесі де солардың қатарынан табылады. Өртүрлі мәдениет, өркениетпен өзін сабақтастыратын қоғам мүшесінің дүниеге деген қарым-қатынасын, өмірдің мәні мен бағасын айқындайтын фактор деп саналады. Яғни, адам санасында ұзақ уақыт бойы дарыған құндылықтар жүйесі. Ал бұл құндылықтарды қалыптастырушы құралдардың негізі тілден пайда болады. Тіл вербалды не бейвербалды жолмен мәдени-танымдық сипатты адам санасына дарытады.

Тіл мен рухани құндылықтың байланысын философияда бөлек алып қарау қиын. Бірақ тәжірибеде мәселе одан да күрделі. Қағаздағы теория бір бөлек, қоғамда сол құндылықтың қалай «жұмыс істейтіні» мүлде басқа. Л.Н. Гумилев түркі дүниетанымында материалдық игіліктен гөрі рухани мұраны жоғары қою үрдісін атап өткен [22, 245–246]. Бұл ой тарихи тұрғыда қызық, бірақ қазіргі жағдайда оны тура сол қалпында көшіру әрдайым дәл келе бермейді.

Күнделікті өмірге жақын мысал алсақ, тіл арқылы берілетін құндылық көбіне ресми мәтіндерде емес, ауызекі сөйлеуде сақталып қалады. Бір ауыл мен қала арасындағы сөйлеу стилін салыстырсаң, айырмашылық бірден байқалады. Бір жерде «ұят болады» тіркесі әлі де әлеуметтік бақылау қызметін атқарады, басқа жерде ол тек ескі моральдық формула ретінде ғана естіледі. Демек, рухани құндылық біркелкі тарайды деу шындыққа сай емес. Бұл жерде тілдің өзі сүзгі сияқты жұмыс істейді.

Түркі халықтарының тарихи тәжірибесінде сөз мәдениеті ерекше орын алғаны жиі айтылады. Бірақ ол тек поэтикалық дәстүрмен шектелмейді. Мысалы, жыраулар поэзиясында немесе мақал-мәтелдерде тек эстетика емес, нақты әлеуметтік ереже де бар. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» сияқты тіркестер жай афоризм емес, коммуникацияның практикалық нормасы ретінде қолданылған. Қазіргі кезеңде бұл нормалардың бір бөлігі әлсіреп, бір бөлігі жаңа формаға ауысқан.

Тілдің тарихи жадыны сақтайтыны туралы тезис кең таралған. Бірақ оны абсолют шындық ретінде қабылдау да қиын. Себебі кей тарихи ұғымдар тілде сақталса да, олардың бастапқы мағынасы өзгеріп кетеді. Мысалы, «ел», «жұрт», «хан» сияқты сөздер қазіргі сөйлеуде тарихи контекстен ажырап, тек символдық деңгейде қалуы мүмкін. Яғни тіл сақтайды, бірақ өзгеріссіз сақтамайды.

Осы жерде дәстүр мен қазіргілік арасындағы кернеу анық сезіледі. Тәуелсіздік алған елдерде тарихи жадыны қайта қарау үдерісі жиі жүреді. Қазақстан тәжірибесінде де «рухани жаңғыру» идеясы осы контексте қарастырылған. Бірақ оны тек мәдени науқан деңгейінде түсіну жеткіліксіз. Тіл арқылы жүзеге асқан жаңғырудың өзі біркелкі емес: кей салаларда жылдам, кей жерде баяу жүреді.

Фольклортанушы С. Қасқабасов тәуелсіз мемлекеттердің көбінде алғашқы 20–30 жыл ішінде тарихи сана мен мәдени кодты қайта құруға күш салынатынын атап өткен [23]. Бірақ іс жүзінде бұл процесс әрдайым жоспарланғандай жүрмейді. Кей қоғамдарда ол терең тамыр алады, кейбірінде тек символикалық деңгейде қалады. Бұл айырмашылық көбіне тіл саясаты мен білім беру жүйесіне тіреледі.

А. Қасабек еңбектерінде әмбебап құндылықтар мен ұлттық ерекшеліктер қатар қарастырылады [23, 115]. Бір жағынан, жалпыадамзаттық моральдық нормалар бар. Екінші жағынан, әр халықтың тарихи тәжірибеден туған өзіндік өлшемдері болады. Бірақ бұл екі қабат әрдайым үйлесімді жұмыс істейді деу қиын. Кей жағдайда олар бір-біріне қайшы келіп жатады. Сол қайшылық тілде де сезіледі.

Әдебиет пен өнердегі құндылық мәселесі де осы логикаға бағынады. Көркем мәтінде тарихи тәжірибе, моральдық ұстаным, символдық ойлау қабаттасып жатады. Бірақ оқырман оны әртүрлі қабылдайды. Біреу үшін ол ұлттық жады болса, екіншісі үшін тек көркем сюжет. Сондықтан әдебиеттегі құндылық бір мағыналы категория емес.

Халық даналығы туралы айтқанда да ұқсас жағдай байқалады. Ол тек өткеннің мұрасы емес - қазіргі сөйлеу практикасында да тірі жүйе ретінде өмір сүреді. Бірақ оның қолданылу жиілігі уақыт өте өзгеріп барады. Кей мақал-мәтелдер белсенді қолданыста болса, кейбірі тек академиялық мәтіндерде ғана кездеседі. Осы өзгеріс тілдің рухани құндылықты сақтау қабілетінің шектеулі екенін де көрсетеді.

Халық даналығы ең алдымен тіл арқылы көрініс табады. Тіл - ұлттың рухани болмысын сақтайтын әрі жеткізетін негізгі құрал. Тілдік қорда халықтың мәдени-танымдық тәжірибесі де, даналық ойлары да жинақталады. Егер тілдің мүмкіндігі тарылса, сөздік қоры мен бейнелік-көркемдік әлеуеті әлсіресе, халықтың терең ой-пайымдарын, дүниетанымдық ұстанымдарын толық әрі әсерлі жеткізу де қиындайды. Демек тілдің байлығы мен икемділігі халықтың рухани дамуына тікелей ықпал ететін факторлардың бірі. Осыдан халық даналығының көрінісі саналатын қысқа әрі мазмұнды тілдік бірліктер ерекше мәнге ие. Мұндай бірліктер қатарына мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, нақыл сөздер, шешендік сөздер және өсиет мәніндегі толғамдар жатады. Бұл тілдік бірліктер - халықтың ғасырлар бойы жинақтаған өмірлік қағидаларының, дүниетанымдық пайымының және моральдық-этикалық ойларының көрінісі. Олар интеллектуалды-логикалық нәтижеге, философиялық пайымға, өмірлік тағылым мен тәрбиелік мәнге бағдарланған қысқа да нұсқа ой түйіндері сынды сипатталады. Сонымен қатар мұндай мәтіндік құрылымдар көркем тілмен өрнектелген, тұрақты күйге түскен тіркестер мен шағын мәтіндер түрінде кездеседі - халықтың рухани мәдениеті мен танымдық тәжірибесінің маңызды көрсеткіші ретінде қызмет етеді.

Қазақ тіліндегі «жақсы сөз» туралы айтқанда, оны жай ғана әдемі тіркес деп шектеу қиын. Күнделікті өмірде бір ауыз сөздің адамның көңіл-күйін көтеріп жіберетін кезі бар, кейде керісінше ішін түсіріп те тастайды. Осы қарапайым бақылаудың өзінен-ақ сөздің әсері тек ақпарат жеткізумен бітпейтіні көрінеді. Ол кей жағдайда адамға демеу болады, кейде шешіміне ықпал етеді. Мұны халық санасындағы рухани күш ретінде түсіндіретін көзқарастар да бар [23, 15-23].

Бірақ мәселе тек эмоцияда емес. Жақсы сөз айту - дайын қалыпты қайталау емес. Біреуге дәл сол сәтте керек ойды, оның ішкі күйіне сәйкес келетін сөзді табу әлдеқайда күрделі. Кейде бір дұрыс айтылған сөйлем адамның ұзақ уақыт бойғы сенімін өзгертіп жібереді. Ал кей сөздер, керісінше, әсерсіз өтіп кетеді.

Демек сөздің құндылығы оның құрылымында емес, нақты жағдаймен қабысуында.

Тілдің мәдени жадыны сақтайтын құрал екені осы жерден анық байқалады. Қазақ қоғамында мақал-мәтел, нақыл, шешендік сөз сияқты үлгілер жай ғана әшекей емес - өмірлік тәжірибенің қысылған формасы. Мысалы, бір мақалдың артында тұтас тарихи жағдай, әлеуметтік тәжірибе жатуы мүмкін. Сол себепті оларды жай мәтін деп қарау жеткіліксіз. Олар көбіне белгілі бір жағдайды қысқа түрде «түйіндеп» береді, кейде тіпті бір әрекеттің салдарын алдын ала ескертендей әсер қалдырады.

Шешендік сөздерге келсек, олардың қызметі бөлек. Олар көбіне нақты жағдайға айтылған, аудиторияға тікелей әсер ететін формада келеді. Қанатты сөздер болса, қоғам ішінде тез тарайды, себебі олар әлеуметтік жағдайды дәл ұстап тұрады. Ал өсиет, нақыл сөздер көбіне ұзақ уақыттық тәжірибеден сүзілген ой ретінде қабылданады. Бірақ мұнда бір нәрсе анық: бұл үлгілердің бәрі бір ғана қызмет атқармайды, олар әртүрлі контексте әртүрлі әсер береді.

Қызығы, мұндай тілдік бірліктердің барлығы уақыт өте келе «халық даналығы» деген ортақ қабатқа жиналады. Кейде олардың түпкі мағынасы көмескіленіп кетеді, бірақ қолданылуы тоқтамайды. Бұл жерде тіл тек сақтаушы емес, қайта өңдеуші рөлде көрінеді. Кей сөздер жаңа әлеуметтік жағдайға бейімделіп кетеді, кейбірі керісінше сирей бастайды.

Осы тұста тілдің өзі жай құрал емес екені байқалады. Ол мәдениетті тасымалдайды, бірақ сонымен бірге оны қайта құрады. Қазақ тілінің табиғатын қарағанда да осы қайшылық сезіледі: бір жағынан ол ақпарат жеткізеді, екінші жағынан сол ақпараттың өзін мәдени мағынаға айналдырады.

Тілді тек ақпарат жеткізетін құрал ретінде түсіндіру қазір жеткіліксіз көрінеді. Өйткені адам күнделікті сөйлескенде тек ой алмастырмайды, сонымен бірге өз ортасының тәжірибесін, тұрмыс машығын, дүниені қабылдау тәсілін де қоса береді. Кейбір сөздердің ондаған жыл сақталуының өзі кездейсоқ емес. Мысалы, қазақ тіліндегі көшпелі өмірге қатысты атаулар немесе туыстық жүйені білдіретін сөздер жай ғана лексика емес, олар белгілі бір тарихи кезеңнің ізі сияқты сақталып қалған тілдік қабаттар.

Н. Уәлиев тілдің тарихи деректерді жинақтап сақтайтын қасиетін осы тұрғыдан қарастырады. Ғалымның пікірінше, уақыт өткен сайын тілдегі кейбір бірліктер қолданыстан шыққанымен, олардың артында қоғамның бұрынғы өмір салты мен ойлау жүйесі көрініп тұрады [24, 40]. Яғни тілде тарих қағаздағы құжат секілді емес, тірі формада сақталады. Кейде бір ескі атаудың өзі бүтін бір дәуір туралы мәлімет бере алады. Сол үшін тіл тек коммуникация емес деуінің себебі бар.

Ә.Қайдардың тіл туралы тұжырымдары да осы мәселеге жақын келеді [25, 12]. Ғалым тіл қоғам ішінде бірнеше қызметті қатар атқаратынын айтады. Соның ең алдымен байқалатыны - коммуникативтік қызмет. Адамдар арасындағы күнделікті қарым-қатынас, ақпарат жеткізу, түсінісу процесі тілсіз жүрмейді. Бірақ бұл қызметті тек «мәлімет алмасу» деп қысқартып түсіндіру де толық емес сияқты. Өйткені сөйлесу барысында адамның әлеуметтік ортасы, тәрбиесі, тіпті

жас ерекшелігі де сезіліп тұрады. Бір аймақта қолданылатын сөз екінші өңірде мүлде басқаша қабылдануы мүмкін.

Тілдің екінші қыры көбіне әдебиетте анық көрінеді. Әңгіме эстетикалық қызмет туралы. Кейбір шығармалар оқырманға оқиға арқылы емес, дәл сөздің әсері арқылы өтеді. Бір сөйлемнің өзі кейде ұзақ сипаттамадан күштірек әсер қалдырады. Бұл тұста тілдің көркемдік мүмкіндігі алдыңғы қатарға шығады. Әсіресе поэзияда немесе прозада қаламгердің сөзді қалай таңдағаны маңызды. Себебі бір ойды қарапайым жеткізу бар, ал сол ойды адамның есінде қалатындай етіп беру басқа нәрсе. Тілдің эстетикалық қызметі дәл осы арадан байқалады.

Ал тілдің үшінші қызметі ғылыми тілде кумулятивтік қызмет деп аталады. Бұл – тілдің ғасырлар бойы қалыптасқан сөздік қорды, ұғымдар мен түсініктерді, мәдени және тарихи деректерді жинақтап, сақтап, оларды кейінгі ұрпаққа жеткізіп отыратын ерекше қасиеті. Ә.Қайдар тілдік мәліметтерді «тұла бойы тұнып тұрған тарих» деп бағалайды. Белгілі бір этностың өткен өмірін, мәдени және этнографиялық байлығын тануда ең алдымен тілдік деректерге назар салу қажеттігін назарға алады [25, 12].

Қазақ тілінде сақталған мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, фразеологизмдер, ұлттық ұғымдар мен атаулар халықтың дүниетанымын, өмір салтын және рухани құндылықтарын бейнелейтін ерекше мәдени код жұмысын атқарады.

Қазақ тілін тек фонетика, морфология немесе синтаксис деңгейінде зерттеу кейде мәселенің сыртқы қабатын ғана көрсетеді. Себебі тілдің ішінде халықтың өмір сүру тәсілі, қоршаған ортаны қабылдауы, тарихи тәжірибесі бірге жүреді. Кей сөздер неге ғасырлар бойы сақталып қалғанын осы жерден түсінуге болады. Мысалы, қазақ тіліндегі туыстық атаулардың тым көп болуы жай лексикалық ерекшелік емес. Оның артында отбасы құрылымы мен әлеуметтік қатынастың нақты моделі тұр. Сондықтан тілдің мәдени қабатын қарастырғанда мәселе бір сәтте лингвистикадан шығып, тарихқа, этнопсихологияға, тіпті күнделікті тұрмыс логикасына барып тіреледі.

Қазақ қоғамында сөздің салмағы әлі де толық жойылып кеткен жоқ. Кей ауылдарда үлкен адамның бір ауыз ескертуі ресми заңнан да өтімді болуы мүмкін. Жастардың белгілі бір тіркесті қайталап жүруі де кездейсоқ емес. Өйткені ол жерде сөз ақпарат ретінде емес, тәжірибе ретінде беріледі. Осындай механизм арқылы тіл ұлттың мәдени жадын сақтайды. Бірақ бұл процесс әрқашан тұрақты жұмыс істейді деу қиын. Қала мен ауыл арасындағы айырмашылық күшейген сайын кей құндылықтардың тіл арқылы берілу тізбегі әлсіреп бара жатқаны байқалады. Әсіресе 2000 жылдан кейінгі цифрлық ортада өскен буынның сөйлеу дағдысынан мұны анық көруге болады.

«Тіл жоғалса, ұлт та жоғалады» деген пікір қазақ зиялыларының еңбектерінде жиі кездеседі. Бірақ оны абсолют шындық ретінде қабылдау да оңай емес. Тарихта тілін ішінара жоғалтса да, этникалық бірегейлігін сақтап қалған халықтар бар. Дегенмен бір нәрсе анық: тіл өзгерген жерде дүниені қабылдау тәсілі де өзгереді. Кей ұғымдардың басқа тілге дәл аударылмауы соны көрсетеді. Қазақ зиялылары тілдің халық мінезін, тұрмысын, тарихи жадын сақтайтынын ерте айтқан [26, 218]. Бірақ қазіргі жаһандану жағдайында бұл байланыс

бұрынғыдай тұтас емес. Кей отбасыларда ата-ана қазақша сөйлегенімен, баланың ойлау жүйесі басқа мәдени ортаға бейімделіп кетіп жатыр. Мұндай қайшылықтар соңғы жылдары жиірек байқалады.

Фольклор мәселесі де осы тұста ерекше көрінеді. Көп жағдайда ертегі мен мақал-мәтелге тек әдеби мұра ретінде қарау қалыптасқан. Бірақ олардың ішінде нақты әлеуметтік тәжірибе сақталған. Мысалы, мақал-мәтелдердің көбі абстрактілі мораль емес, нақты өмірлік жағдайда туған қысқа қорытындыға ұқсайды. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген тіркестің артында сөз еркіндігі емес, көшпелі ортадағы бедел мен уәж мәдениеті тұр. Батырлар жырында тек қаһармандық емес, руаралық қатынас, билік моделі, тіпті сол кезеңнің саяси психологиясы сезіледі. Ал жұмбақтар баланы ойын түрінде ойлауға мәжбүрлейді. Қазір мұндай тәсілді когнитивтік жаттығу деп атауға болар еді.

А.Байтұрсынұлы білім мен әдебиетті бөлек қарастырмаған [27, 621]. Оның пікірінше, тіл үйрету құр ереже жаттатумен шектелмеуі керек. Бұл ой қазіргі мектеп тәжірибесінде де маңызды болып отыр. Себебі оқушы мәтінді түсінгенімен, оның мәдени астарын қабылдай алмауы жиі кездеседі. Әсіресе әлеуметтік желі тілінің ықпалы күшейген кезде қысқа әрі жылдам ақпаратқа үйренген оқушы үшін фольклорлық мәтінді қабылдау қиындап барады. Мұғалімнің өзі мәтінді тек «тақырып» ретінде өткізсе, қызығушылық тез жоғалады.

Сондықтан фольклорды қазақ тілін оқытуда қолдану автоматты түрде нәтиже береді деу артық. Кей мектептерде оқушы мақалдың мағынасын өмірмен байланыстырып талдайды, пікірталасқа түседі. Ал кей жерде сол мәтін жай ғана жатталатын материалға айналып кетеді. Айырмашылық көбіне мазмұнда емес, жеткізу тәсілінде жатыр. Тіл арқылы берілетін құндылық дайын күйінде қабылданбайды. Оны қабылдайтын орта, мұғалімнің тәсілі, тіпті оқушының күнделікті мәдени тәжірибесі де әсер етеді.

Қазақ тілінің құндылық бағдар берудегі маңызды тіректерінің бірі - фольклорлық мұралар. Фольклор үлгілері арқылы халықтың тарихи жады, рухани тәжірибесі және мәдени дүниетанымы тіл арқылы сақталып, кейінгі ұрпаққа жеткізіледі. Демек қазақ фольклоры - ұлттық құндылықтарды қалыптастырып, оларды ұрпақ санасына орнықтыруда қазақ тіліне тірек болатын аса маңызды мәдени әрі рухани мұра.

Қазақ тілі - қазақ халқының дүниетанымын, өмірге көзқарасын және қоршаған ортаны тану ерекшелігін бейнелейтін күрделі танымдық жүйе. Тілдік құрылым адамның әлемді қабылдауы мен түсінуінің нәтижесінде қалыптасқан күрделі концептуалдық кеңістіктің айнасы іспетті. Осыдан шығатын қорытынды - тіл адам мен қоршаған орта арасындағы байланысты қамтамасыз етіп қана қоймай, адамның дүниені тану үдерісінің нәтижесін де бейнелейді. Мұндай танымдық сипат тіл білімінде «әлемнің тілдік бейнесі» деп аталатын маңызды лингвоәлеуметтік категорияның қалыптасуына өзек болды. Әлемнің тілдік бейнесі белгілі бір халықтың тарихи тәжірибесі, мәдени құндылықтары мен дүниетанымы арқылы қалыптасып, сол халықтың тілінде көрініс табады. Сондықтан кез келген тілді меңгеру үшін сол тілде сөйлейтін халықтың дүниені

калай қабылдайтынын ұғыну қажет. Яғни әрбір халық әлемді өз ана тілінің «призмасы» арқылы танып, сол тіл арқылы шындықты қабылдайды.

Бастапқыда тіл деген нәрсе тек сөйлесу үшін керек сияқты қабылданады. Бірақ мектеп ішіндегі ортаға кірсең, әсіресе қазақ, орыс, ағылшын тілі қатар жүрген сыныптарда, мәселе әлдеқайда күрделірек екені байқалады. Кей оқушы бір сөзді еркін қолданады, енді бірі сол сөзден қысылып қалады. Бір қарағанда айырмашылық тілдік деңгейде сияқты. Тереңірек қарасаң, оның артында мәдени орта, отбасындағы қарым-қатынас, тіпті баланың өзіне деген сенімділігі тұрады. Сол себепті тіл сабақта жай грамматикалық жүйе ретінде емес, әлеуметтік тәжірибені алып жүретін қабат ретінде көрінеді.

Қазақ тіліндегі кей тіркестерді түсіну үшін сөздіктің өзі жеткіліксіз болуы мүмкін. Мысалы, «аттың жалында, түйенің қомында» немесе «сөзге тоқтау» деген тіркестерді формалды аудармамен беру оңай, бірақ олардың астарындағы өмір салтын сезіну басқа нәрсе. Мұндай сөздердің ішінде тарихи тәжірибе сақталып қалған. 7–9-сынып бағдарламасында тұрақты тіркестер мен ұлттық мазмұндағы мәтіндер арнайы оқытылады, бірақ барлық оқушы оны бірдей қабылдайды деу қиын. Кей бала мәтінді жай ақпарат ретінде көреді, ал кейбірі оның астарындағы мәдени мағынаны бірден ұстап алады. Айырмашылық көбіне оқушының өмірлік ортасына байланысты болып шығады.

«Тіл – рух» деген тіркес қазақ қоғамында жиі айтылады. Бірақ ол кейде ұран ретінде ғана қолданылып кетеді. Ал нақты мәтіндерге үнілсең, тіл мен тарихи жадтың байланысы әлдеқайда нақты сезіледі. Бір шешендік сөздің ішінде тәрбие де, әлеуметтік шекара да, билікке көзқарас та қатар жүруі мүмкін. Сондықтан зерттеушілер бұл құбылысты әртүрлі түсіндіреді [28, 5–8]. Бірі мәдени код дейді, енді бірі ұлттың тарихи тәжірибесі мәтін арқылы сақталады деп қарайды. Екі пікірдің де негізі бар сияқты. Себебі қазақтың ауызша дәстүрінде ақпарат жай хабар ретінде емес, өмір сүру тәсілі ретінде берілген.

Уақыт туралы түсініктің өзі тілмен тығыз байланысты. Өткен оқиға айтылмаса, ол біртіндеп ұжымдық жадтан өше бастайды. Қазақ қоғамында мұны шежіре айту, әңгімелеу, жыр дәстүрі ұзақ уақыт ұстап тұрды. Мысалы, кей отбасыларда ата-баба туралы әңгіме әлі күнге дейін дастарқан басында айтылады. Осындай сәттерде тіл тек байланыс құралы емес, есте сақтаудың тетігі ретінде жұмыс істейді. Қазір бұл дәстүрдің әлсіреп бара жатқанын айтатындар да бар. Әсіресе қаладағы жас буын арасында ауызша әңгіме мәдениеті қысқарып келеді.

А.Байтұрсынұлы тілге механикалық құрылым ретінде қарамаған [29, 24]. Оның еңбектерінде сөз адамның ішкі мәдениетімен бірге жүреді. «Өнер алды – қызыл тіл» деген тіркестің өзі жай көркем афоризм емес. Оның ішінде сөздің әлеуметтік салмағы жатыр. Қазақ қоғамында адамның беделі кейде байлығымен емес, сөйлеу мәдениетімен бағаланған кезеңдер болған. Қазіргі мектеп тәжірибесінде осы идея жиі айтылады, бірақ оны сабақта іске асыру әр мұғалімде әртүрлі. Бірі оқушыны пікір айтуға үйретеді, енді бірі грамматикалық ережемен ғана шектеледі.

«Тіл – құрал» еңбегіндегі мысалдардың өмірге жақын берілуі де кездейсоқ емес [30, 12]. Грамматика құрғақ ереже ретінде емес, күнделікті сөйлеумен

байланыста түсіндіріледі. Мақал-мәтелдердің қолданылуы да осыдан. «Жақсы сөз – жарым ырыс» сияқты тіркестер арқылы оқушы тек синтаксистік құрылымды емес, қарым-қатынас мәдениетін де қабылдайды. Бірақ бұл тәсіл барлық сыныпта бірдей нәтиже береді деу қиын. Кей оқушы оны қызығушылықпен талдайды, ал кейбірі мәтінді жаттанды материал ретінде қабылдайды. Мұғалімнің жеткізу тәсілі бұл жерде шешуші рөл ойнайды.

Соңғы жылдары аксиологиялық бағыттағы оқыту туралы көп айтыла бастады [32, 163–164]. Теория бойынша тіл сабағы тек грамматиканы емес, құндылықтарды да қалыптастыруы керек. Практикада бұл әр мектепте әртүрлі көрінеді. Мысалы, кей лицейлерде оқушылар ұлттық мәтіндер негізінде пікірталас ұйымдастырады, әлеуметтік жағдайларды талдайды. Ал кей мектептерде аксиология жай термин деңгейінде қалып қояды. Сондықтан мәселе бағдарламаның өзінде емес, оны қалай қолдануда сияқты.

Сабақ үстінде тілдің мінез-құлыққа әсері де байқалады. Диалогтық тапсырмалар кезінде кей оқушы қарсы пікірді тыңдауды үйренеді, енді бірі өз ойын дәлелдеуге тырысады. Бұл жай тілдік жаттығу емес. Мұнда әлеуметтік тәжірибе қалыптасады. Әсіресе пікірталас, рөлдік ойын, мәтін талдау сияқты тапсырмаларда оқушы тек сөйлем құрап қоймайды, басқа адамның позициясын түсінуге мәжбүр болады. Тілдің тәрбиелік ықпалы дәл осындай күнделікті ұсақ ситуацияларда анық сезіледі.

Кей жобалық сабақтарда жаһандық мәселелер қарастырылады: климат, теңсіздік, көші-қон сияқты тақырыптар. Топтық жұмыс кезінде тіл негізгі құралға айналады. Бір жағынан грамматиканы бекітеді, екінші жағынан ойлау шекарасын кеңейтеді. Бірақ бұл әдіс барлық жерде бірдей нәтиже береді деу қиын - кей сыныпта тек тапсырма орындау деңгейінде қалып қояды.

Мәдени құндылықтар да біркелкі емес нәрсе. Олар отбасыдан, ортадан, тілдік тәжірибеден жиналады. Көпмәдениетті сыныпта бұл айырмашылық бірден байқалады: бір оқушы үшін қалыпты нәрсе, екіншісіне түсініксіз болуы мүмкін. Сондықтан оқытуда бейімделу мәселесі үнемі алдыңғы қатарда тұрады [33]. Бұл жерде бір әдісті барлық жағдайға қолдану әрдайым нәтиже бере бермейді.

Моральдық құндылықтар көбіне үй мен қоғам арасындағы байланыстан қалыптасады. Бірақ мектеп те бұл процестен тыс емес. Мұғалімнің қойған сұрағы, талқыланған мәтін, тіпті мысал ретінде алынған жағдайдың өзі оқушының көзқарасына әсер етеді [34]. Кейде бұл әсер бірден байқалмайды, кейін ғана көрінеді.

Әлеуметтік құндылықтар топтық жұмыста анық көрінеді. Біреуі жетекшілік етеді, біреуі бақылап отырады, енді бірі ортада қалып қояды. Осындай динамика арқылы оқушылар тек тақырыпты емес, қарым-қатынас моделін де үйренеді. Бірақ бұл үдеріс автоматты түрде дұрыс жүріп кетеді деу қиын, кейде керісінше шиеленіс туады.

Соңында бір нәрсе қалады: қазақ тілі тек оқулықтағы жүйе емес. Ол тарихи тәжірибенің, мәдени жадтың, күнделікті қарым-қатынастың қабаттасқан кеңістігі. Кейде ол тікелей байқалмайды, кейде бір сөздің ішінде тұтас тарих тұрып қалады. Осы қайшылықтың өзі тілдің ең қызық тұсы сияқты көрінеді.

2 АКСИОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МӘТІННІҢ ТҮРІ МЕН ТІЛІНІҢ ҒЫЛЫМЫН МЕНГЕРТУДІҢ МАҢЫЗЫ

2.1 Оқулық мәтіндері мазмұнының аксиологиялық құзыреттілік қалыптастыру әлеуеті

Қазақ тілін оқыту жүйесінің негізін қалаушы А. Байтұрсынұлының еңбектерінде ана тілін оқытудың маңызды тұстарын атап өтеді. Ғалым оқуға қатысты құрылтайшылардың жиналысында өткен баяндамасында тіл сабақтарының елеулі орны жайында сөз еткен. Бірінші басқышта ана тілінің көркем мәнін беруші шығармаларды оқытуды алға қойсақ, екінші басқышқа тіл сабағын жүйелі ілім түрінде оқытуды негіздейді. Тіл білімі тек қана ереже жаттату пәні болып игерілмеуі тиіс. Ана тілі сабағы әр тілдік бірліктің тұлға, мағына және қисынын танытуға бағытталуы керек. Ахметше айтқанда, сөздің құрылымдық тұлға және мағына жағын тануға керегі жоқ мәселелер тіл білімінің сабағында ұсынылмауы шарт [35].

Оқулық мәтіні - бейтарап емес. Онда не туралы жазылғаны, кім туралы жазылғаны, қандай позициядан жазылғаны - бәрі оқушыға белгілі бір дүниетанымды беріп отырады. Бұл мәселе әлем педагогикасында кеңінен талқыланған - критикалық педагогика бағытында Фрейре, Жиру осы тұрғыдан оқулықтарды зерттеген.

Қазақ тілі оқулықтарының мәтіндерін аксиологиялық тұрғыдан қарасаң - бірнеше топ анықталады. Бірінші топ: ұлттық тарих пен мәдениетті дәріптейтін мәтіндер. Екінші топ: еңбек, отбасы, табиғатқа деген қарым-қатынасты бейнелейтін мәтіндер. Үшінші топ: жалпыадамзаттық құндылықтарды - достық, әділдік, мейірімділікті - суреттейтін мәтіндер.

Бірақ мәтіннің болуы жеткіліксіз. Маңыздысы - оқушы сол мәтіндегі құндылықты пассивті қабылдамай, белсенді талдауы. Яғни мәтін аксиологиялық зерттеудің объектісіне айналуы керек.

Т. Шонановтың оқулықтарын мысалға алсақ: «Еңбек адамды өсіреді» деген мәтін грамматикалық жаттығу ретінде де, аксиологиялық талдау объектісі ретінде де қолданылуы мүмкін. Мұғалімнің таңдауына байланысты сабақтың деңгейі мүлдем өзгереді.

Оқулықтардың басты осал тұсы - мәтіндер бар, бірақ оларды аксиологиялық тұрғыдан ашатын тапсырмалар жүйесі жеткіліксіз. Оқушы мәтінді оқиды, грамматикалық тапсырманы орындайды - құндылықтық мазмұнға тоқталмайды. Бұл - жүйелік кемшілік.

Жаңа аксиологиялық бағдарланған әлем бейнесін және ғылыми-техникалық прогресс пен қоғамдық сананың өзгерген түрлеріне сәйкес қалыптасқан жаңа білім беру парадигмасын ұғыну – құндылықтар туралы ілімді этикалық және идеологиялық тұжырымдамалардан жеке қарастыру қажеттігін көрсетеді. Аксиология философиялық зерттеулердің өзіндік саласы ретінде этикамен, эстетикамен және идеологиямен тығыз байланыста болғанымен,

Аксиология – олардың мазмұнымен толық сәйкес келмейтін, өзіндік зерттеу нысаны мен әдіснамасы бар бағыт.

Кейде құндылық туралы айтқанда бәрі түсінікті сияқты көрінеді. Бірақ аудиторияда, нақты оқу процесінде бұл түсінік бірден «жұмыс істей» кетпейді. Бір сыныпта оқушы бәсекелестікке бейім болса, екіншісінде бірлесіп жұмыс істеу әлсіз. Ал дәл осы айырмашылықты бір ғана теориямен түсіндіру қиын.

Құндылықтар теориясы көбіне болмыс пен міндетті, шынайы мен идеалды ажыратудан басталады. Бірақ бұл ажырату қағазда оңай. Ал практикада адам күнделікті өмірде бұл екі ұғымды жиі шатастырады. Бір жағынан қоғамда «не болуы керек» деген талаптар бар, екінші жағынан нақты жағдай «сол талапқа» келе бермейді. Осы арада білім беру жүйесі де екі ортада қалады: идеал ұсынады, бірақ шынайы орта соған толық сәйкес емес.

Аксиологиялық таным деп аталатын бағыт осы қайшылықты бір жүйеге келтіруге тырысады. Бірақ бұл жерде бір сұрақ ашық қалады: шынымен білім беру арқылы құндылықтарды «жоспарлы түрде» қалыптастыруға бола ма? Әлде бұл тек ұзақ әлеуметтік әсердің нәтижесі ме? Теория метафизикалық деңгейде сана құрылымын, ал диалектикалық деңгейде әрекетті өзгертуге ұмтылады дейді [36, 49]. Дегенмен, мектеп тәжірибесінде бұл екі деңгейдің бірдей жұмыс істеуі әрдайым байқалмайды.

Жаңа білім беру парадигмасы туралы айтылғанда, көбіне жүйенің жаңаруы алға шығады. Бірақ мазмұн өзгерсе де, оны орындайтын мұғалім мен оқушының нақты әрекеті бірден өзгеріп кетпейді. Университет аудиториясында немесе мектеп сыныбында жаңа әдіс енгізілгенімен, ескі дағды сақталып қалатын жағдайлар жиі кездеседі. Бұл жерде білім беру реформаларының жылдамдығы мен нақты тәжірибенің инерциясы арасында айырмашылық бар.

Мұғалім туралы ресми құжаттарда жиі айтылатын бір бейне бар: ол - жаңашыл, зерттеуші, үнемі ізденісте жүретін тұлға. Теория жүзінде бұл модель тартымды көрінеді. Бірақ қарапайым мектептің ішіне кірсең, жағдай күрделірек. Ауылдағы шағын жинақты мектепте бір мұғалім бірнеше пәнді қатар жүргізуі мүмкін. Ал үлкен қала мектептерінде 25–30 баласы бар сыныптар қалыпты жағдайға айналған. Осындай жүктемеде әр сабаққа жеке зерттеу жасап, шығармашылық формат дайындау әркімнің қолынан келе бермейді. Сондықтан педагогке қойылатын талап пен оның нақты еңбек жағдайының арасында айырмашылық үнемі сезіліп тұрады.

Соңғы жылдары білім беру жүйесіндегі құндылықтар да өзгеріп кетті. Бұрын тәртіп, тұрақтылық, ұжымдық жауапкершілік көбірек айтылса, қазір бейімделу, икемділік, бәсекеге қабілеттілік алдыңғы қатарға шықты. Мұны заман талабымен түсіндіруге болады. Дегенмен осы өзгерістің ішінде бір қарама-қайшылық бар. Жеке тұлғаның өзін дамытуы маңызды делінеді, бірақ кейде осы идея қоғамдық жауапкершілікті әлсіретіп жіберетіндей көрінеді [37, 26]. Әсіресе әлеуметтік желідегі «өзің үшін өмір сүр» деген модель жасөспірімдердің дүниетанымына қатты әсер етіп жатыр. Ал мектеп бұл өзгеріске толық бейімделіп үлгерді деу қиын.

Оқушыны білім беру үдерісінің белсенді қатысушысы ретінде қарастыру да жиі айтылатын ұстанымдардың бірі. Расында, қазіргі бағдарламаларда топтық

жұмыс, пікірталас, жобалық тапсырмалар көбейді. Бірақ практикада кей сабақтарда бұрынғы схема сақталып қалады: мұғалім сөйлейді, оқушы тыңдайды. Әдіс атауы өзгергенімен, сабақ ішіндегі қатынас бұрынғыдай қатаң болуы мүмкін. Сондықтан «жаңа педагогикалық модель» барлық мектепте бірдей жұмыс істеп тұр деу асығыс қорытынды болар еді.

Шағын әрі икемді білім беру құрылымдары туралы пікірлер де екіұшты. Бір жағынан, олар өзгеріске тез бейімделеді. Кей жеке мектептер немесе шағын оқу орталықтары жаңа әдістерді мемлекеттік жүйеден бұрын енгізіп жатады. Бірақ екінші жағынан, ресурс мәселесі тез байқалады. Мұғалім тапшылығы, материалдық база, тұрақсыз қаржыландыру сияқты факторлар олардың ұзақ мерзімді жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін [38]. Яғни икемділік әрдайым тұрақтылықпен қатар жүрмейді.

Аксиология мәселесі дәл осы жерде маңызды бола бастайды. Құндылықтар туралы айту оңай, ал оны күнделікті оқу тәжірибесіне енгізу әлдеқайда күрделі. Теорияда мектеп адамгершілік бағдар қалыптастыруы керек делінеді. Бірақ құндылықты жай түсіндіру мен оны оқушының ішкі ұстанымына айналдыру - екі бөлек нәрсе. Кей оқушы адалдық туралы мәтінді жақсы талдайды, бірақ өмірлік жағдайда сол қағиданы ұстанбауы мүмкін. Сондықтан аксиологияны тек ұғымдар жүйесі ретінде қарастыру жеткіліксіз сияқты.

И.В. Яковлева ұсынған әлеуметтік-философиялық бағытта білім беру мазмұны ғана емес, оның ішкі қатынас жүйесі де өзгеруі керек деген ой бар [39]. Бұл пікірдің практикалық жағы маңызды. Егер мектеп ішінде мұғалім мен оқушы арасындағы сенім әлсіз болса немесе басқару жүйесі тым формалды болса, құндылыққа бағытталған тәрбие толық нәтиже бере қоймайды. Яғни мәселе тек пән мазмұнында емес, бүкіл институционалдық ортада жатыр.

Құндылықтарды «тұрақты» және «уақытша» деп бөлу де шартты нәрсе сияқты. Бір кезеңде маңызды болған ұстанымдар кейін әлсіреуі мүмкін. Кейде керісінше болады: уақытша тренд сияқты көрінген идея ұзақ мерзімге қалыптасып кетеді. Мысалы, цифрлық сауаттылық бұрын техникалық дағды ретінде қаралса, қазір ол адамның әлеуметтік бейімделуінің негізгі шарттарының біріне айналды. Сондықтан құндылықтар өзгермейтін жүйе емес, үнемі қозғалыстағы орта ретінде көрінеді.

Бұл айырмашылықтарды мектеп тәжірибесінен де байқауға болады. Бір сыныпта интерактивті тақта сабақтың толық бөлігіне айналады: оқушы талдайды, пікір айтады, цифрлық материалмен жұмыс істейді. Ал басқа мектепте сол құрылғы тек презентация көрсету үшін ғана қолданылып жүруі мүмкін. Технология бірдей болғанымен, оны қабылдау мәдениеті әртүрлі. Демек мәселе құралда емес, оған қандай мағына берілетінінде.

Білім беру жүйесі құндылықтарды тек түсіндіріп қоймайды, оларды қалыптастыруға да тырысады. Бірақ нәтиже әрдайым алдын ала жоспарланған сценариймен жүре бермейді. Кейде мектеп күткен әсер болмайды, ал кей жағдайда қарапайым бір мұғалімнің сөзі немесе әрекеті оқушыға ұзақ ықпал етуі мүмкін. Сондықтан аксиологияны өзгермейтін теория емес, үнемі қозғалыстағы әлеуметтік тәжірибе ретінде қарастырған дұрыс сияқты.

Құндылықтарды білім беру жүйесіне енгізу де бір реттік шарамен шешілмейді. Соңғы жылдары бағдарламалар жаңарып жатыр, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар өзгерді, тәрбие жұмысына қатысты жаңа концепциялар қабылданды. Бірақ бұл құжаттардың өзі жеткіліксіз. Егер мектептегі орта, отбасыдағы тәрбие және қоғамдық атмосфера бір-біріне қайшы келсе, нәтиже әлсірейді. Сондықтан құндылықтық тәрбие ұзақ мерзімді әрі өзара байланысқан жүйені қажет етеді.

Қазіргі жағдайда ең күрделі сұрақтардың бірі - дәстүрлі құндылықтарды ХХІ ғасыр талаптарымен қалай ұштастыру керек деген мәселе. Бір жағынан ұлттық мәдени негіз сақталуы қажет. Екінші жағынан, оқушы қазіргі еңбек нарығына, цифрлық қоғамға бейімделуі керек. Осы екі бағыттың арасында тепе-теңдік табу оңай емес. Кей мектептерде ұлттық мазмұн формалды деңгейде ғана қалады, ал кей жерде заманауи құзыреттер екінші орынға ығысып кетеді.

Білім беру философиясында аксиологиялық құзыреттілік туралы зерттеулердің көбеюі де кездейсоқ емес. Мұнда мәселе оқушыға «дұрыс құндылықтарды» жай үйретуде емес, оның жеке таңдау жасау қабілетін қалыптастыруда жатыр. Құндылық деген ұғымның өзі адамның қоршаған ортамен байланысы арқылы ашылады. Ол кейде мақсат ретінде, кейде мінез-құлық нормасы ретінде көрінеді. Сондықтан аксиологиялық құзыреттілік дайын формула емес, адамның өмір тәжірибесімен бірге қалыптасатын қабілет ретінде қаралады.

Қазақ тілі сабақтарының мүмкіндігі осы тұста ерекше байқалады. Өйткені бұл пән тек грамматиканы меңгертумен шектелмейді. Мәтін арқылы оқушы ұлттық мәдениетпен, қарым-қатынас әдебімен, дүниетанымдық ұстанымдармен кездеседі. Кей мәтіндер оқушыны тек тілдік тапсырма орындауға емес, өз көзқарасын салыстыруға итермелейді. Сондықтан қазақ тілі сабағы аксиологиялық құзыреттілікті қалыптастырудың маңызды алаңдарының бірі ретінде қарастырылады.

Осы зерттеу аясында 6-сыныпқа арналған қазақ тілі оқулығы талдауға алынды [43]. Оқулық 2018 жылы «Арман-ПВ» баспасынан жарық көрген және жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде құрастырылған. Авторлары - Т.Н. Ермекова, Ж.К. Отарбекова, Г.Б. Тоқтыбаева. Талдау барысында оқулық мәтіндері мазмұндық ерекшеліктеріне қарай бірнеше топқа бөлінді. Атап айтқанда, ғибратты сөздер, тапсырма мәтіндері, өлеңдер, «Артық болмас білгенің» айдары жеке қарастырылды. Мұндай жіктеу жай техникалық ыңғайлылық үшін ғана емес. Әр мәтін түрінің оқушыға ықпал ету тәсілі әртүрлі болғандықтан, олардың аксиологиялық жүктемесін бөлек қарастыру қажет болды.

2-кесте – Жалпы білім беретін мектептерге арналған қазақ тілі оқулығының мәтіндерін категориялық жіктеу

	Мәтін категориясы	Мәтін саны
1	Ғибратты сөздер	14
2	Тапсырма мәтіндері	134

3	Өлеңдер	40
4	«Артық болмас білгенің»	19
	Барлығы	207

Оқулықтағы мәтіндерді категорияларға бөлу жай формалды жіктеу үшін жасалған жоқ. Негізгі мақсат - мәтіндердің ішінде қандай құндылықтар жиі қайталанатынын және олардың оқушыға қалай әсер ететінін нақтырақ көру болды. Сол себепті зерттеу барысында аксиологиялық лексиканың жиілік көрсеткіштері арнайы қарастырылды. Өйткені мәтін деген нәрсе тек ақпарат тасымалдамайды. Кей жағдайда ол оқушыға байқатпай моральдық бағдар да береді. Әсіресе 6-сынып деңгейінде оқушы мәтінді тек тілдік құрылым ретінде емес, мінез-құлық үлгісі ретінде де қабылдай бастайды.

Қазақ тілі сабақтарын тек грамматикалық ережелермен шектеу қазіргі мектеп тәжірибесінде жеткіліксіз көрінеді. Себебі оқушы сөйлем мүшелерін ажыратып үйренгенімен, мәтіннің астарындағы құндылықтық мазмұнды қабылдамай қалуы мүмкін. Сондықтан зерттеуде әр мәтіннің «құндылықтық салмағын» анықтауға назар аударылды. Бұл жерде сандық тәсіл қолданылды: мәтіндердегі аксиологиялық бірліктердің жиілігі есептелді. Бірақ мәселе тек санда емес. Бір сөздің қанша рет кездескенінен бөлек, оның қандай контексте қолданылғаны да маңызды болды.

Сапалық талдау кезінде әр категория бөлек қарастырылды. Мұнда мәтіннің лексикалық тақырыбына, қандай моральдық бағдар ұсынатынына, оқушыға қандай әлеуметтік ұстаным беруге тырысатынына назар аударылды. Кей мәтіндерде отбасы құндылықтары алдыңғы қатарға шықса, енді бірінде тілге құрмет немесе жауапкершілік мәселесі басым болды. Сондықтан категорияларды тек тақырыптық емес, аксиологиялық мазмұнына қарай саралау қажет болды.

Алғашқы қарастырылған бөлімдердің бірі - ғибратты сөздер категориясы. Бұл топқа мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, белгілі тұлғалардың пікірлері енгізілді. Бір қарағанда мұндай мәтіндер қысқа әрі қарапайым сияқты көрінеді. Бірақ олардың ықпалы көлемімен емес, мағыналық тығыздығымен өлшенеді. Кей жағдайда бір сөйлемнің ішінде тұтас мәдени ұстаным беріледі.

Мысалы, «Ұлттық және отбасылық құндылықтар» тарауында [43, 26–27] Ғабит Мүсірепов, Василий Радлов, Шыңғыс Айтматовтың тіл туралы пікірлері ұсынылған. Бұл үзінділер тек ақпарат беру үшін алынбағаны байқалады. Олардың ішінде тілге эмоционалдық және мәдени қатынас қалыптастыру мақсаты бар. «Ана тілі», «тіл әсемдігі», «тілді қадірлеу» сияқты тіркестер оқушыға тілді жай пән ретінде емес, құндылық ретінде қабылдатуға бағытталған. Әсіресе «ана тілі» тіркесінің өзі биологиялық немесе ресми атаудан гөрі эмоционалдық байланысқа жақын ұғым ретінде беріледі.

Ғибратты сөздердің тағы бір ерекшелігі - олар оқушыны тікелей нұсқаумен емес, астар арқылы ойландыруға тырысады. Мысалы, мақал-мәтелдерде «осылай істе» деген ашық бұйрық сирек кездеседі. Оның орнына өмірлік тәжірибеден шыққан қысқа қорытынды беріледі. Бұл тәсіл кей оқушыға тез әсер етеді, ал кейбірі үшін тым абстрактілі көрінуі мүмкін. Сондықтан мұндай мәтіндердің тиімділігі көп жағдайда мұғалімнің түсіндіру әдісіне де байланысты.

Жиілік көрсеткіштерін талдау кезінде тіл, отбасы, құрмет, тәрбие, адамгершілік сияқты лексемалардың бірнеше тарауда тұрақты қайталанатыны байқалды. Бұл кездейсоқ емес сияқты. Оқулық құрылымының өзінде белгілі бір құндылықтық бағыт сақталған. Дегенмен мәтіндегі құндылықтың болуы оның автоматты түрде оқушы санасына сіңетінін білдірмейді. Бір сыныпта мұндай мәтіндер пікірталас туғызуы мүмкін, ал басқа ортада олар жай оқылып өте шығуы да ықтимал. Сондықтан аксиологиялық ықпал әрдайым мәтіннің өзіне ғана емес, оны қабылдайтын ортаға да тәуелді.

«Астана – мәдениет пен өнер ордасы» тарауының ғибратты сөздерінен оқушы бойында «өнер» ұғымын құндыландыратын «музыканың құдыреті», «дәуір өнері» аксиологиялық бірліктерін көруге болады [43, 72]. Бұл лексикалық бірліктер өнер ілімін таратушы ғалымдар Әбу Насыр әл-Фараби мен Ахмет Жұбановтың қанатты сөздерінен алынған.

Абай Құнанбайұлы [43, 26–27], Әлихан Бөкейхан [43, 26–27] - ұлтымыздың бетке ұстар ірі тұлғаларының ой-толғаулары, қазақ халқы үшін жасаған ерен еңбектерінен үзінді «Тарихи тұлғалар» тарауына берілген. Бұл ғибратты сөздерден тек мектеп оқушысы емес, бар қазақтың ұлттық құндылық ойлары артуы тиіс. Одан бөлек «Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері. Наурыз» тарауында өскелең ұрпақ арасында ұмыт болмасын деген ниетпен ұлттық құндылықтардың бірі - «жеті ата» ұғымы [43, 141] ашылған. Бұл мәтелдердегі лексикалық бірліктер оқушының ұлттық құндылықтарға бойлауына септігін тигізери сөзсіз.

Ал «Әлемдегі ірі кітапханалар» тарауында Елбасы Н. Назарбаев, Абай Құнанбайұлының оқу-білім, кітап жайындағы ойлары оқушы жасында ең көрнекті құндылық білім алу, сауатын ашу ұғымдарын ашып дәріптейді.

Ғибратты сөз категориясы өз алдына қазақ тілі сабағында оқушылардың аксиологиялық құзыреттілігін арттыруда ең ұтымды, ең тиімді тәсілдердің бірі екенін сапалық жағынан дәлелдей алдық деген сенімдеміз. Бірақ кем тұстары да бар. Оның ең бастысы оқулық мәтіндерінің сан жағынан ғибратты сөздердің кемдігі. Яғни, жалпы мәтін саны 207 болса, соның ішінде ғибратты сөздер небәрі 14 қана. Бұл көрсеткіш ғибратты сөздердің жеткіліксіздігінің дәлелі. Ұсынған мысалдарымыздың ішінен аңғарсақ болады: ғибратты сөз құндылық ұғым дәрежесіне барынша сай тарауларда берілген. Спорт, ғылым мен технологиялар, географиялық атаулармен байланысты тарауларда ғибратты сөздер жоқтың қасы.

Келесі категорияда тапсырма мәтіндерін екіге бөлдік: мәтін формасындағы тапсырмалар және өлең формасында. Бұлай бөлу өлең лексикасының құрылымы мен мазмұнында аксиологиялық лексиканың көлемі мен деңгейінің көптігімен байланысты. Негізі лексикалық қорды осы тапсырмалардың мәтіні құрайды. Сол себепті оқулықтағы аксиологиялық лексиканың үлкен бөлігін осы мәтіндерден табамыз. «Қазақстандағы көрікті жерлер» тақырыбындағы алғашқы тараудан бастап «жер», «табиғат», «кең дала», «еліміз, халқымыз», «тарих» сияқты концептілерді ортақтастыратын аксиологиялық лексиканы байқай аламыз. Ал құндылық тақырыпқа негізделген «Ұлттық және отбасылық құндылықтар», «Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері. Наурыз», «Астана – мәдениет пен өнер ордасы» тарауларында барлық тапсырма мәтіндерінен

аксиологиялық лексика, я болмаса соның төңірегіндегі мазмұнмен сай лексиканы табамыз. Дегенмен, тапсырма мәтіндерінің ішінен аксиологиялық лексика бар болғанымен, мәтіннің мазмұны жағынан «Зевсаамүсіні» [43, 141], «Елаақуаты – елордааэкономикасы» [43, 58-59], «Су – тіршілік көзі» [43, 100], «Технология жаңалықтары» [43, 185-186], т.б.аамәтіндерде жалаң факті ғана табылады. Сол себепті, қазақ тілі сабағында оқушы аксиологиялық құзыреттілік деңгейін арттыру үшін оқушының жалаң ақпарат емес, алар құндылығына негізделген мәтіндердің көбірек болуына ықпал етуіміз керек.

Тапсырма мәтіндерінде жазылған өлеңдер - құндылық бағдар беру үшін таптырмас құрал. Нақтырақ айтсақ, зерттеу жұмысының бірінші тарауында атап өткеніміздей, қазақ тілі сабақтарында оқушы құндылық ілім алу үшін фольклор мен сөз өнерінің қосар үлесі артық. «Алтынемел әлемі» [43, 8], «Туған жерге» [43, 24–25], «Арман мен ақыл» [43, 179–180] т.б. өлең жолдарындағы аксиологиялық тілдік бірліктер мен өлең мазмұны оқушыға құндылық бағдар береді. Өз жасына сай өлеңді оқушы лезде түсініп, аксиологиялық құзыреттілігін арттыра алады.

«Артық болмас білгенің» айдары оқулықтағы жай қосымша ақпарат беретін бөлім сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ мазмұнына үңілсең, оның қызметі бұдан кеңірек екені байқалады. Бұл бөлім әр тараудың негізгі лексикалық тақырыбын кеңейтіп, оқушыны тек тілдік материалмен шектемей, мәдени әрі танымдық ортаға енгізуге тырысады. Яғни қазақ тілі сабағының ішінде басқа пәндерге жақын элементтер де қатар жүреді.

Диалог әдісі. Ауызша, жазбаша, көркем-бейнелік формада. Оқушы пікірін дәлелдейді, басқаның ұстанымын тыңдайды, өз позициясын қайта қарайды. Диалог - тек тілдік жаттығу емес, құндылықтарды бірлесіп пайымдау үдерісі.

«Жетіген» ойын технологиясы. Жеті тапсырма арқылы халықтық өнегелі сөздерді меңгерту. Формат - қызықты, мазмұн - терең. Ұлттық тәрбие мен тілдік материал жасанды байланыспай, табиғи бірігеді.

Бірақ бір нәрсені айту керек: бұл әдістердің барлығы мұғалімнің өзіне де белгілі бір дайындықты талап етеді. Рефлексия әдісін қолданайын деген мұғалімнің өзінде рефлексия болуы керек. Диалог жүргізейін деген мұғалім диалогқа дайын болуы керек. Әдіс - тек форма. Оны тіршілікке толтыратын - мұғалімнің аксиологиялық ұстанымы.

Инновациялық әдістер – рөлдік ойын, жағдаяттық тапсырма, микросабак – осы процесті жандандырады. Бірақ кейде олар да формалданып кетеді. Рөл ойнау бар, бірақ ішкі талдау жоқ. Сол кезде әдіс бар да, нәтиже әлсіз болады. Демек мәселе тек технологияда емес, оны қалай қолдануда.

Модульдік оқыту мен цифрлық ресурстар да жағдайды өзгертті. Оқушы ақпаратты бұрынғыдай бір көзден алмайды. YouTube, интерактивті платформалар, презентациялар – бәрі қатар жүреді. Бірақ бұл көп ақпарат әрдайым терең түсінік бермейді. Кейде керісінше, шашыраңқылық тудырады. Сондықтан салыстыру мен таңдау дағдысы маңызды болып отыр.

2020 жылдан кейін қашықтықтан оқыту бұл процесті одан сайын күрделендірді. Бір жағынан оқушы дербестене түсті, екінші жағынан бақылау әлсіреді. Кей оқушы өздігінен ізденеді, кейбірі тек тапсырма орындаумен шектеледі. Осы айырмашылық аксиологиялық нәтиженің біркелкі болмауына әкеліп отыр.

Жалпы алғанда, экологиялық құзыреттілік пен тілдік білімнің байланысы тек тақырып деңгейінде емес. Ол оқушының ойлау тәсіліне әсер етеді. Бірақ бұл әсер тұрақты емес, жағдайға, әдіске, тіпті сынып атмосферасына дейін тәуелді. Сондықтан аксиологиялық бағытты бір схемаға сыйдыру қиын.

Семинарлар, тренингтер, практикалық сабақтар мен дөңгелек үстел форматындағы пікір алмасу алаңдары - оқу үдерісін жобалаудың нақты тетіктері. Сыныптан тыс іс-шаралардың қазақ тілі пәнімен сабақтастығы мұнда да сезіледі. Оқушылар құндылық бағдарының құрылымын түсініп, оны тілдік әрекет арқылы жүзеге асырудың жолдарын меңгереді. Интеграциялық тұрғыда ұйымдастырылған сабақтар дәстүрлі оқытуға қарағанда тиімдірек нәтиже береді. Тілдік білім мен құндылық тәрбиені біртұтас жүйе ретінде қалыптастыру мүмкін болады. Мәдени деңгей артып, өзіндік сана, топтық белсенділік және әлеуметтік жауапкершілік күшейеді. Дәстүрлі емес, инновациялық әдістер мен заманауи технологияларды кешенді қолдану қазақ тілі сабағында аксиологиялық құзыреттілікті тиімді дамытуға мүмкіндік береді [79, 24].

Аксиологиялық көзқарастар тілдік білім берудің мазмұны мен әдістемесін терең өзгеріске ұшыратады. Тіл үйретудің мақсаттарын, мазмұнын және әдіс-тәсілдерін құндылық тұрғыдан қайта қарастыруды көздейді. Құндылықтарға негізделген тәсіл тілдік білімді тек грамматикалық және лексикалық деңгейде меңгерумен шектемейді - білім алушылардың мәдени, әлеуметтік және моральдық санасын дамытуға бағыттайды. Нақты әдістемелік модельдер мен тәжірибелер арқылы жүзеге асырылатын осы ұстанымдарды шетел зерттеулерінен қазақ тілін оқыту үдерісіне интеграциялау - бүгінгі күннің міндеті.

Байрамның моделі туралы бір нәрсені бірден айту керек: ол тіл үйретуді мәдениетаралық түсіністіктің құралына айналдырады, бірақ бұл оңай жол емес. Рөлдік ойын, мәдени салыстыру, пікірталас - осы үш әдіс сабақта іске асқанда ғана нәтиже береді. Қағазда болып, сыныпта жоғалып кетсе - бәрі бос.

Мәдениетке бейімделген оқыту тұжырымдамасы (Culturally Responsive Teaching) бір қарапайым идеяға негізделген: оқушының өз тәжірибесі - оқу материалынан кем емес. Осыған дейін де мәдениет пен тілдің байланысын ашқын болатынбыз. Мәдениет пен тіл бір-бірінің жалғасы. Олар бір-біріне үстеме мән беріп, тұлға бойына дарытады. Тілдің қызметтерін қолданып мәдениет үстеу де қазақ тілі сабағынның қолынан келеді. Мәдениеттің әр қырын тіл сабақтарында үйрету жеңіл жолдардың бірі. Ана тілі, отбасылық дәстүр, күнделікті өмір - бәрі сабаққа кіре алады. Мұны «инклюзивтілік» деп жалпылап айтпай, нақтырақ түсіндіру орынды: мұғалім оқушының мәдени тәжірибесін ескергенде, ол материалды жадқа емес, ойына жазады.

Жапонияда ағылшын тілін оқытуда (EFL бағдарламасы) мынадай тәжірибе бар: тілдік материал тікелей моральдық жағдаяттармен байланыстырылады. Оқушы жай сөйлем жазбайды - нақты этикалық жағдаятқа пікір білдіреді. Құрмет, эмпатия, жауапкершілік - бұлар тілдік жаттығудың фоны емес, өзегі. Бұл тәсілдің тілдік нәтижені де, адамгершілік нәтижені де бір мезгілде беретіні - оның күші.

Канада - екітілді білім берудің классикалық үлгісі. Бірақ оның тәжірибесін қазақ тілі сабағына көшіру кезінде бір сұрақ туады: жай аударып қолдану жеткілікті ме? Контекст басқа, оқушы басқа, мектеп жағдайы басқа. Үш тілді ұстаным қазақстандық білімде бекітілген, алайда іс жүзінде бұл ұстанымның қазақ тілі сабағында қалай жұмыс істейтіні - жеке талдауды қажет ететін мәселе [80, 377].

Аксиологиялық бағыт деген не? Қысқаша: тіл үйрету - тек грамматика емес, тұлғаны қалыптастыру. Оқушы сөз тіркесін жаттамайды, оның артындағы мәнді ұғады.

Мұғалімнің рөлі осы жерде шешуші. Қазақ тілін оқытушы тек дұрыс жазуды үйретпейді - ол құндылықтың алғашқы үлгісін береді. Егер мұғалімнің өзінде аксиологиялық ұстаным болмаса, сабақтың мазмұны қанша жақсы болса да, нәтиже беймәлім болып қалады. Мұғалімнің аксиологиялық құзыреттілікті орнатудағы рөлін анықтау да маңызды. Қазақ тілі мұғалімін пәндегі грамматикалық ұғымдар мен дұрыс жазу, оқуды үретуші ғана деп түсіну қаншалықты дұрыс? Бұл жайында ғалымдардың ойы әрқалай. Қазақ тілі пәнінің негізгі мақсаты, әлбетте, тілдің заңдылықтарын ұғындыру. Сонда да зерттеуімізге қарай қазақ тілінің аксиологиялық мазмұн дарытушы қызметін байқадық. Аксиологиялық мазмұнды қалыптастыру үдерісін қазақ тілінің атқарушылық қызметі деп түсіндеміз. Ал бұл атқарушы қызметтің жетегін ұстаушы – ұстаздар. Олар оқушыларға бағыт-бағдар береді, жетелейді. Мұғалімнің өзінің аксиологиялық құзыреттілігінің жоғары көрсеткіште болу себебі де осында.

[81, 10].

Практикада қандай әдістер жұмыс істейді? Бірнешеуін атап өту орынды.

Құндылық талдау әдісі - оқушы заттар мен құбылыстарды тек ақпараттық емес, моральдық және эстетикалық өлшемдер арқылы бағалайды. Нақты нәтиже: ауызша құндылық пікірі, салыстырмалы баға, жеке позиция. Ойлау мәдениеті осылай дамиды.

Сәйкестендіру әдісі эмпатияға негізделген. Эмпатияның оқушының құндылық бағдарын дамытуда рөлі ерекше екенін атап өттік. Сол эмпатияны қалыптастыруда қандай әдістер бар? Сәйкестендіру арқылы оқушы айналасындағы адамдарды түсінеді. Олардың көзқарасымен санасады. Эмпатия оқушыға жақсы қасиеттерді дарытады. Ең алдымен оқушының қоғам арасындағы орнын табуда, кейін сол орында өзінің тұлғасын қалыптастыруда көмектеседі. Оқушы өзін басқа адамның немесе кейіпкердің орнына қояды - салыстырады, талдайды, ерекшеліктерді анықтайды. Бұл жай риторикалық тәсіл емес: сөздік қор кеңейеді, қоршаған дүниені іштен және сырттан қабылдау деңгейі өседі.

Құндылық рефлексия - оқушының өз-өзін бағалауы. Мінез-құлқын моральдық нормамен салыстырады, себеп-салдарын түсінеді. Маңыздысы: кері байланыс арқылы бұл процесс беткі деңгейде қалмай, өзін-өзі тануға айналады.

Диалог үш түрде жүреді: ауызша, жазбаша (эссе, шығарма), көркем-бейнелік формада. Оқушы пікірін дәлелдейді, басқаның ұстанымын тыңдайды. Оқушы коммуникативтілік дәрежесін көтереді. Ол айналасындағы адамдармен сөйлесу қызметін жетілдіреді. Сол қарым-қатынас нәтижесінде қандай құндылық

алды деген сияқты сұрақтарына жауап бере алады. Осы сөйлесу кезінде адресатқа қандай ісер қалдырды, қандай құндылық ұғымдарымен, ойларымен бөлісе алды? Диалог - тек тілдік жаттығу емес, құндылықтарды бірге пайымдау кеңістігі.

«Жетіген» ойын технологиясы халықтық өнегелі сөздерді жеті тапсырма арқылы меңгертеді. Формат қызықты - бірақ маңызды тұсы басқа: ұлттық тәрбиені тілдік материал арқылы берудің табиғи жолы табылған [82, 25].

Сабақтың басталуы да елеулі фактор. Эпиграф, музыка, бейнеүзінді - оқушының психологиялық дайындығын қалыптастырады. Бұл «безендіру» емес, эмоциялық кіріспе: оқушы материалды алғашқы секундтан-ақ сезіп отырады.

Т. Шонановтың педагогикалық мұрасы - осы барлық идеялардың тарихи тамыры. Оның ұстанымы қарапайым болғанымен, өткір: бала тілдік материалды жаттап қоймауы керек, өз өмірімен байланыстыруы керек. «Еңбек - адамды өсіреді» деген сөйлем - тілдік жаттығу ғана емес, өмірлік пайым. «Ата-ана еңбегін қадірлей біл» - грамматикалық үлгі де, тәрбиелік хабар да. «Бірінші басқышта ана тілі» оқулығын ашып қарасаң, аксиологиялық бағыт мәтінге жасанды енгізілмегенін, оған табиғи сіңдірілгенін байқайсың [83, 15–27].

Осы барлық тәжірибені негізге ала отырып, қазіргі қазақ тілі сабақтарында аксиологиялық құзыреттілікті дамытуға бағытталған инновациялық әдістердің құрылымы жасалды (3-кесте).

3-кесте – Қазақ тілі сабағында аксиологиялық құзыреттілікті дамытуға бағытталған инновациялық әдістер құрылымы (Т. Шонанов бойынша)

«Өмірмен байланысты мәтіндік талдау» әдісі	Оқушыларға жауапкершілік, еңбек, отбасы, достық тәрізді құндылықтардың негізінде жазылған қысқа мәтіндерді ұсынып, өз тәжірибесімен байланыстыру
«Құндылық сөйлеу әрекеті» әдісі	Берілген жағдаяттар бойынша өз пікірін білдіру; пікір білдіру үшін құндылық деректерді қамтитын тілдік бірліктерді меңгеру
«Рефлексиялық тапсырма» әдісі	Ауызша немесе жазбаша түрде өз және айналасындағы адамдардың іс-әрекеттеріне, пайымдарына баға беру; кері байланысты құндылық ұғымымен шендестіру
«Құндылық диалог» әдісі	Оқушылар мен мәтін/шығарма кейіпкерлері немесе тарихи тұлғалар арасындағы ойша сұхбат жүргізу
«Жағдаяттық модельдеу» әдісі	Нақты өмірлік жағдайларды тілдік тапсырма үлгісінде ұсыну

Қ. Кеменгерұлы тіл сабағын тек грамматика үйрету алаңы ретінде қарастырмаған. Оның зерттеулерінде тіл - ұлттық болмыстың, мәдени жадтың және рухани құндылықтардың тірегі. Бұл абстрактылы формула емес: ғалым тіл сабақтарын «елдіктің айнасы» деп атаған, яғни сабақта не болып жатса - ұлттық санада да сол қалыптасады деген ой.

Тіл мен мәдениеттің сабақтастығы - Кеменгерұлының барлық еңбектерін өткен өзек [84]. Бірақ бұл идеяның педагогикалық тәжірибеге қалай аударылатыны - жеке мәселе. Ұстанымды жариялау бір нәрсе, оны сабақтың нақты құрылымына енгізу - мүлдем басқа.

Ғалымның қағидаттары негізінде қазақ тілі сабақтарында аксиологиялық құзыреттілікті дамытуға бағытталған инновациялық әдістер ұсынылды (4-кесте).

4-кесте - Қазақ тілі сабақтарында аксиологиялық құзыреттілікті дамытуға бағытталған бірқатар инновациялық әдістер құрылымы (Қ. Кеменгерұлы бойынша)

«Мәдени-мәтіндік интерпретация» әдісі	Көркем мәтіндер мен ауыз әдебиеті үлгілерін мәдени эне құндылық тұрғысынан талдау
«Ұлттық болмысқа ену» әдісі	Белгілі бір тарихи немесе мәдени жағдаятқа енгізу арқылы оқушының сол ортадағы құндылық таңдауларын модельдеу
«Сыни мәтіндік талдау» әдісі	Оқушылар құндылықтарды қамтитын мәтіндерді салыстырып, олардың мазмұнындағы идеологиялық және құндылық астарларды саралайды

Қазақ тілі сабағында аксиологиялық құзыреттілікті дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдердің мазмұны оқушының құндылық санасын қалыптастыруға, оны белсенді таным субъектісі ретінде дамытуға және тілдік білімді рухани-мәдени мазмұнмен ұштастыруға негізделеді. Әдіс-тәсілдердің мазмұны конструктивті сипатта ұйымдастырылып, білім алушының дайын ақпаратты қабылдауымен тоқтамай, оның өз бетінше ойлауына, пікір қалыптастыруына, талдау жасауына және құндылықтарды қайта пайымдауына ықпал ету қажет. Мұндай мазмұн рефлексияға, диалогқа, пікірталасқа және шығармашылық әрекетке негізделуі арқылы білім алушының эмоционалдық, когнитивтік және мінез-құлықтық компоненттерін бірге дамытады. Бұл компоненттер дамыған оқушы қоғамда жеке тұлға тарапынан дамиды. Әдістер мазмұны тұлғаның тілдік және коммуникативтік құзыреттілігін жетілдіруге бағытталуы керек. Оның адамгершілік ұстанымдарын, әлеуметтік жауапкершілігін және мәдени санасын қалыптастыруға арналуы тиіс. Нәтижесінде осындай мазмұнда құрылған әдіс-тәсілдер білім алушыны құндылықтарды саналы түрде меңгеретін, оларды

өмірде қолдана алатын және өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қарайтын тұлғаны дамытуға мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Білім беру жүйесі жаңарып жатыр — бағдарламалар өзгерді, мазмұн қайта каралды. Бірақ осы өзгерістердің бәрі оқушының рухани дамуын автоматты түрде қамтамасыз ете ме? Кіріспеде қойылған осы сұраққа зерттеу барысы нақты жауап беруге тырысты: қамтамасыз ете алмайды — егер бұл мәселе жүйелі, саналы, мақсатты күш-жігерсіз жүрсе. Дәл осы тұжырым зерттеудің өзегіне айналды және үш тараудың нәтижесінде дәлелденді.

Зерттеудің бірінші міндеті аксиологиялық лингвистиканың теориялық негіздерін сараптауға бағытталды. Нәтижесінде анықталғаны: тіл — нейтралды жүйе емес. Ол тек ақпарат жеткізбейді, бір мезгілде бағалайды, қолдайды немесе шеттетеді. В.И. Карасик, Н. Арутюнова, Е. Вольф сияқты зерттеушілердің еңбектері негізінде тілдегі бағалауыш мағыналардың екі деңгейде жұмыс істейтіні анықталды: ашық лексикалық деңгей (жақсы/жаман, ұят/намыс) және жасырын мәдени деңгей — нейтралды сияқты көрінетін, бірақ іштей белгілі бір позиция қалыптастыратын тілдік бірліктер. Қазақ тіліндегі «жер», «ел», «ата», «намыс», «обал», «сауап», «аманат» сияқты концепт-сөздер осы екінші деңгейдің ең айқын мысалы. Олар жай лексика емес — мәдени-философиялық жүйенің тірегі. Аксиолингвистиканың Қазақстандағы дамуы 2000-жылдардан бастап белсенді жүріп жатқанымен, тілдің осы жасырын аксиологиялық қабатын мектеп оқытуына жүйелі түрде енгізу мәселесі әлі де толық шешілмеген.

Қазақ тілінің халық даналығын, тарихи жадыны және мәдени мұраны сақтайтын қызметі зерттеудің теориялық бөлімінде жан-жақты қарастырылды. А. Байтұрсынұлы, Ә. Қайдар, Н. Уәлиев, Л.Н. Гумилев еңбектеріне сүйене отырып, мынадай қорытынды жасалды: мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, фразеологизмдер, тұрақты тіркестер — бұлар тек көркем мұра емес, халықтың ғасырлар бойы жинақтаған этикалық, әлеуметтік және тарихи тәжірибесінің тілдік формасы. «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер», «Елі үшін еңіреген ер өлмейді» сияқты тіркестердің артында жай ырғақ жоқ — нақты мәдени код жатыр. Осы кодты оқушыға жаттанды сөз ретінде емес, мәдени мазмұн ретінде жеткізу — қазақ тілі мұғалімінің басты педагогикалық міндеттерінің бірі. Зерттеу осы міндетті теориялық тұрғыдан негіздеп, практикалық жолдарын ұсынды.

Зерттеудің практикалық бөлімінде 6-сыныпқа арналған қазақ тілі оқулығы (Ермекова, Отарбекова, Тоқтыбаева, 2018) аксиологиялық контент-талдауға алынды. Барлығы 207 мәтін төрт категория бойынша жіктелді: ғибратты сөздер (14), тапсырма мәтіндері (134), өлеңдер (40), «Артық болмас білгенің» айдары (19). Жілік талдауы бірнеше маңызды нәтиже берді.

Бірінші: «тіл», «тарих», «мәдениет», «ел», «жер», «табиғат», «халық», «салт-дәстүр» сияқты аксиологиялық лексика оқулықта тұрақты қайталанатын. Бұл кездейсоқ емес — оқулық мазмұнында белгілі бір құндылықтық бағыт жүйелі түрде сақталған.

Екінші: аксиологиялық жүктеме тараулар бойынша біркелкі таралмайды. «Ұлттық және отбасылық құндылықтар» тарауында ол айқын, ал «Ғылым мен технологиялар» тарауында іс жүзінде байқалмайды. Бұл — жүйелік кемшілік.

Үшінші және ең маңыздысы: мәтіндердегі аксиологиялық мазмұнның болуы оқушының сол мазмұнды қабылдайтынын автоматты түрде білдірмейді. Гибратты сөздер — 207 мәтіннің тек 14-і — оқушыны ойлануға, бағалауға шақырады, бірақ оларды аксиологиялық тұрғыдан ашатын тапсырмалар жүйесі жеткіліксіз. Оқушы мәтінді оқиды, грамматикалық тапсырманы орындайды — құндылықтық мазмұнға тоқталмайды. Осы олқылықты жою — оқу-әдістемелік кешендерді жаңғыртудың нақты бағыты ретінде ұсынылды.

Зерттеу барысында А. Байтұрсынұлының тіл оқытудағы екі деңгейлі концепциясы — мәтіннің түрінің ғылымы және тілінің ғылымы — аксиологиялық тұрғыдан қайта пайымдалды. Грамматикалық категориялардың — зат есімдер, сын есімдер, үстеулер, фразеологизмдер, одағайлар — тікелей аксиологиялық потенциалы барлығы дәлелденді. Дерексіз зат есімдер (адалдық, мейірім, намыс, жауапкершілік) оқушыны моральдық категориялармен таныстырады. Сапалық сын есімдер бағалаушы ойлауды дамытады. Мезгіл үстеулері уақытты сезінуді, жауапкершілікті, жоспарлауды қалыптастырады. Одағайлар эмпатия мен эмоционалдық мәдениеттің тілдік формасы болып табылады. «Ілік септігі» тақырыбын «Атамның үйі», «Халқымның жері», «Елімнің тілі» тіркестері арқылы меңгерту — грамматикалық нәтиже бірдей болғанымен, оқушының санасында тіл тиесілілік, байланыс, мұра ұғымдарымен байланысатын аксиологиялық тәсіл — осының нақты мысалы.

Аксиопедагогика — педагогика мен аксиологияның қиылысында пайда болған бағыт — тілдік білім беруді тек білім мен дағды қалыптастыру ретінде емес, тұлғаның құндылықтық жүйесін дамыту ретінде қарастырады. Зерттеу барысында сабақтың үш деңгейі — білімдік, дағдылық, аксиологиялық — анықталып, үшінші деңгейдің ең жиі назардан тыс қалатыны көрсетілді.

Аксиопедагогикалық тәсілдің негізгі принципі: оқушыны дайын құндылықтарды қабылдаушы ретінде емес, оларды өзі талдайтын, салыстыратын, қайта пайымдайтын белсенді субъект ретінде қарастыру. Бұл принцип Байрамның мәдениетаралық құзыреттілік моделімен, Жапониядағы EFL тәжірибесімен және Канаданың екітілді білім беру жүйесімен үндеседі. Алайда шетелдік модельдерді қазақстандық мектепке тікелей «аудармасы» мен қолдануы жеткіліксіз — контекст басқа, оқушы басқа, мектептің жағдайы басқа. Бұл тұс жеке зерттеуді қажет ететін ашық мәселе ретінде анықталды.

Мұғалімнің аксиопедагогикалық тәсілдегі рөлі ерекше атап өтілді: ол тек білім беруші емес, оқушы байқап отыратын құндылықтық үлгі. Мұғалімнің өзінде аксиологиялық ұстаным болмаса, ең жақсы жасалған сабақтың өзі күтілген нәтиже бермейді. Бұл — жүйелік шындық.

Зерттеудің әдістемелік бөлімінде Т. Шонанов пен Қ. Кеменгерұлы еңбектеріне сүйене отырып, қазақ тілі сабағында аксиологиялық құзыреттілікті дамытуға бағытталған нақты әдістер жүйеленді. «Инновациялық» деп аталған бұл әдістердің мәні — жаңа технология немесе жаңа термин емес, қолданыстағы педагогикалық тәсілдерді аксиологиялық мазмұнмен толтыру.

Құндылық талдау әдісі оқушыны заттар мен құбылыстарды тек ақпараттық емес, моральдық және эстетикалық өлшемдер арқылы бағалауға үйретеді. Сәйкестендіру әдісі эмпатияны, яғни басқаны түсіну қабілетін — аксиологиялық

құзыреттіліктің негізгі компонентін — қалыптастырады. Рефлексия әдісі оқушының өз іс-әрекетін моральдық нормалармен салыстыра алу, өзін-өзі бағалай алу дағдысын береді. Диалог әдісі — ауызша, жазбаша, көркем-бейнелік формада — пікір айту, тыңдау, өз позициясын қайта қарастыру тәжірибесін береді. «Жетіген» ойын технологиясы ұлттық тәрбиені тілдік материал арқылы беретін табиғи педагогикалық жол ретінде бағаланды.

Бірақ бір шындықты айту қажет: осы әдістердің бәрі мұғалімнің өзіне де белгілі бір дайындықты талап етеді. Рефлексия жүргізгісі келген мұғалімнің өзінде рефлексия болуы керек. Диалог ұйымдастырғысы келген мұғалім диалогқа дайын болуы керек. Әдіс тек форма — оны тіршілікке толтыратын мұғалімнің аксиологиялық ұстанымы.

Кіріспеде үш жаңашылдық белгіленген болатын. Зерттеу нәтижесінде олардың әрқайсысы іске асты.

Біріншіден, аксиологиялық құзыреттілік ұғымы қазақ тілін оқыту әдістемесі аясында кешенді түрде жүйеленді. Бұл ұғым тек моральдық тәрбие немесе мәдени білім беру деңгейінде ғана қарастырылмай, тілдік дағды, мәдени таным, этикалық ұстаным және рефлексиялық ойлаудың тұтас жүйесі ретінде анықталды.

Екіншіден, аксиологиялық құзыреттілікті дамытудың бүгінгі жағдайы нақты деректермен сараланды. 6-сынып оқулығының 207 мәтінін талдаған контент-зерттеу мынаны көрсетті: аксиологиялық мазмұн бар, бірақ ол біркелкі емес, жүйесіз және оны ашатын тапсырмалар жетіспейді. Бұл — бағдарламалық деңгейдегі жүйелік кемшілік, жеке мұғалімнің ықпалынан тыс тұрған мәселе.

Үшіншіден, мәтіннің аксиологиялық мазмұнын анықтаудың тәжірибелік тәсілдері нақтыланды. Аксиологиялық лексиканың жиілік талдауы, мәтін категорияларын салыстырмалы зерттеу, аксиологиялық талдау процедурасы — осылар оқу-әдістемелік кешендерді жасауда және сабақ жоспарын құруда қолдануға дайын нәтиже ретінде ұсынылды.

Зерттеу нәтижелері негізінде бірнеше практикалық ұсыныс тұжырымдалды.

Қазақ тілі сабақтарының мазмұнына құндылық компоненті жүйелі түрде енгізілуі тиіс. Әрбір тақырыптың аксиологиялық әлеуеті алдын ала анықталып, сабақтың мақсатына жазылуы қажет — «білімдік» мен «тәрбиелік» мақсатты бөлек жазудан гөрі, оларды тұтас аксиологиялық бағытта біріктіру орынды.

Оқу мәтіндері аксиологиялық тұрғыдан іріктелуі керек. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бейнелейтін мазмұн тек тарау тақырыбымен шектелмей, бүкіл оқулықта тепе-тең таралуы тиіс. Ғибратты сөздердің үлесін арттыру — оқулық авторлары алдындағы нақты міндет.


Мәтінмен жұмыста аксиологиялық талдау міндетті компонент ретінде қарастырылуы орынды: оқушы мәтіндегі құндылықтарды анықтайды, бағалайды, өз позициясын білдіреді, кейіпкермен салыстырады.

Мұғалімдердің аксиологиялық құзыреттілігін арттыруға бағытталған арнайы курстар мен семинарлар қажет. Университет деңгейінде болашақ педагогтарды даярлау бағдарламасына аксиологиялық бағыттағы курстарды енгізу — жүйені тамырдан нығайтатын шешім.


Зерттеудің басты тұжырымы мынада: қазақ тілі сабағы — аксиологиялық құзыреттілікті дамытудың тиімді алаңы. Бұл мүмкіндік тілдің табиғатында бар, оқулық мәтіндерінде бар, педагогикалық дәстүрде бар. Т. Шонанов «Бірінші басқышта ана тілі» оқулығынан бастаған жолды Қ. Кемеңгерұлы тіл сабақтарын «елдіктің айнасы» деп бағалай отырып жалғастырған. Қазіргі міндет — осы идеяны тек ұстаным деңгейінде ұстамай, нақты сабақ жоспарына, тапсырмалар жүйесіне, мұғалімдер даярлауына айналдыру.

Бірақ бұл — аяқталған нәтиже емес. Тіл мен аксиология бағытындағы зерттеулер жалғасуы тиіс. Жоғары сыныптардағы оқулықтарды контент-талдауға алу, мұғалімдердің аксиологиялық құзыреттілігін диагностикалау, инновациялық әдістердің нәтижелілігін эксперимент арқылы тексеру — болашақтың ғылыми міндеттері. Бір мектепте, бір сыныпта, бір мұғалімнің бір сабағында дұрыс айтылған бір сөз де — егер ол оқушының ішкі дүниесіне жетсе — осы зерттеудің ең кішкентай, бірақ нақты нәтижесі.


Қосымша 1. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған қазақ тілі оқулығының әр тарауы бойынша аксиологиялық контент-талдау.




2-сурет – «Қазақстандағы көрікті жерлер. Лексикография» тарауында аксиологиялық лексиканың кездесу жиілігі




3-сурет – «Ұлттық және отбасылық құндылықтар. Фонетика» тарауында аксиологиялық лексиканың кездесу жиілігі




4-сурет – «Әлемнің жеті кереметі. Лексикография» тарауында аксиологиялық лексиканың кездесу жиілігі




5-сурет – «Астана – мәдениет пен өнер ордасы. Лексика» тарауында аксиологиялық лексиканың кездесу жиілігі



6-сурет – «Тарихи тұлғалар. Лексика» тарауында аксиологиялық лексиканың кездесу жиілігі



7-сурет – «Су – тіршілік көзі. Қазақстандағы өзен-көлдер. Морфология» тарауында аксиологиялық лексиканың кездесу жиілігі




8-сурет – «Спорт. Белгілі спорт жұлдыздары. Морфология» тарауында аксиологиялық лексиканың кездесу жиілігі



9-сурет – «Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері. Наурыз. Морфология» тарауында аксиологиялық лексиканың кездесу жиілігі



10-сурет – «Әлемдегі ірі кітапханалар. Морфология» тарауында аксиологиялық лексиканың кездесу жиілігі



11-сурет – «Ғылым мен технология жетістіктері. Пунктуация» тарауында аксиологиялық лексиканың кездесу жиілігі

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Нысанбаев Ә. Қазақстан халқының рухани-құндылықтық әлемі // З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратованың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2015. – 178 б.
2. Беккер Е. В., Панова О. Б. Аксиология и лингвоаксиология в современном гуманитарном научном дискурсе (на примере исследования концепта «человек» в русской и китайской культурах) //Евразийский союз ученых. – 2015. – №. 4-12 (13). – С. 167-169.
3. Комлев Н.Г. Словарь новых иностранных слов [Текст] / Н.Г. Комлев – М.: МГУ, 1995. – 144 с.
4. Тіл білімі терминдерінің сөздігі. – Алматы, Фирма «Орнак» ЖШС, 2012. – 388 б.
5. Михеева Д.Г. АКСИОЛОГИЧЕСКАЯ ЛЕКСИКА В ТРАГЕДИИ ШЕКСПИРА «ОТЕЛЛО» // Научное сообщество студентов XXI столетия. ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ: сб. ст. по мат. XXVIII междунар. студ. науч.-практ. конф. № 1. – С. 28. URL: [https://sibac.info/archive/guman/1\(28\).pdf](https://sibac.info/archive/guman/1(28).pdf)
6. Карасик В.И. Культурные доминанты в языке / В.И. Карасик // Языковая личность: культурные концепты: сб. науч. тр. – Волгоград; Архангельск, 1996. – С. 3-16.
7. Serebryannikova. E.F. Linguistics and axiology: ethnosemiometry of value meanings: a collective monograph /. - М.: TEZAURUS, 2011. – 352 p.
8. Павлов С. Г. Лингвоаксиологическая модель человека: научно-методический аспект // Вестник Мининского университета. 2013. №2. С. 12.
9. АКСИОЛОГИЯ В ЛИНГВИСТИКЕ: ИССЛЕДОВАНИЕ ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТАЦИЙ ЯЗЫКА / Н. Сабиров, Ю. Атакулова. – Молодые ученые. – 2024. – №19. – С. 51-54.
10. Adamboeva N. ASPECTS OF AXIOLOGICAL LINGUISTIC ANALYSIS //Collection of scientific papers «SCIENTIA». – 2023. – №. March 10, 2023; Valencia, Spain. – С. 163-166. Retrieved from <https://previous.scientia.report/index.php/archive/article/view/797>
11. Mohammed A. A. Q., Almaqtari A., Saeed A. A. Axiological and systematic linguistic in language teaching //International Journal of Innovation Scientific Research and Review. – 2021. – Т. 3. – №. 07. – С. 1524-1528. ISSN: 2582-6131
12. Ғабитов Т.Қ. Философия. Алматы: Раритет, 2005. – 400 б.
13. Сергеева Л.А. Проблемы оценочной семантики. – М.: Изд-во МГОУ, 2003. – 140 с.
14. Слышкин Г.Г. Лингвокультурные концепты и метаконцепты: дис. ... д-ра филол. наук. / Г.Г. Слышкин. – Волгоград, 2004. – С. 27-28.
15. Шохин В.К. Философия ценностей и ранняя аксиологическая мысль. – М.: Изд-во РУДН, 2006. – 457 с.
16. Кузина О. А., Ситько Ю. Л. Лингвоаксиология как область внешних связей языковой системы //Аксиологические аспекты современных филологических исследований. – Екатеринбург, 2019. – 2019. – С. 86-88.

17. Стерин И.А. Коммуникативное поведение в составе национальной культуры // Этнокультурная специфика языкового сознания. – М., 1996. – С. 97-112.
18. Takahashi K. Language and worldview: How linguistic structures shape cultural axiologies //Cultura: International Journal of Philosophy of Culture and Axiology. – 2025. – Т. 22. – №. 3.
19. Гумбольдт В. Фон Избранные труды по языкознанию / пер. с нем. под ред., с предисл. Г.В.Рамишвили. – Москва: Прогресс, 1984. – 400 с.
20. Өтеген Б. Тектілік: лингвофилософиялық парадигма. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 276 б.
21. Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында : научное издание / Н. Ө. Назарбаев. – Алматы : Өнер, 1996. – 272 б.
22. Гумилев Л.Н. Тысячелетие вокруг Каспия. – Баку, 1990. – 325 б.
23. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы (Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу) / Ә.Т. Қайдар. – Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2004. – 560 б.
24. Уәлиев Н.М. Фразеология және тілдік норма. – Алматы, 1998. – 128 б.
25. Қайдар Ә. Этнолингвистика // Білім және еңбек 1985. – №10. – Б. 12-18-26.
26. Алаштың тілдік мұрасы. – Алматы: «PalitraPress», – 2013. – 328 б.
27. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-АЙ». – 2013. – 640 б.
28. Дейкина А.Д. Воспитание национального самосознания при обучении родному языку. – РЯШ, 1993, №5 – с.5-8,13.
29. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. III: –384 б.
30. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. – Қазан: Қаржы баспасы, 1914. – 49 б.
31. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. –Алматы: Арыс, 2003. – 208 б.
32. Wulandari S., Anshori M. R. Integrating Axiology In Language Education: Philosophical Foundations And Humanistic Implications //JMPI: Jurnal Manajemen, Pendidikan dan Pemikiran Islam. – 2025. – Т. 3. – №. 2. – С. 157-182.
33. ANTOCI, D. Formation of values in the education system: constructivist paradigm. In: Acta Et Cmmentationes, Sciences of Education. 2019, nr.17(3), pp. 69-78. ISSN 1857-0623
34. ANDREI, P. Filozofia valorii. Ediția a III-a. Iași: Polirom, 1997. – 240 p. ISBN: 973-683-017-9
35. Байтұрсынұлы А. Түрікшелер құрылтайы // «Жаңа мектеп» № 7-8, 1926. – Б. 43-50.
36. Яковлева И. В. Ценности и ценностные ориентиры в системе высшего образования: монография. – Усть-Илимск: РИО УИФ КГТУ, 2006. – 148 с. URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=23231148>
37. Хиггинс Р. Седьмой враг. Человеческий фактор в глобальном кризисе // Глобаль-ные проблемы и общечеловеческие ценности / сост. Л. И. Василенко,

В. Е. Ермолаева; вв. ст. Ю. А. Шрейдера; пер. с англ. и франц. – М.: Проресс, 1990. – 495 с.

38. Яковлева И. В. Аксиологические противоречия современного образования и социокультурных реалий // Философия образования. – 2018. – № 4 (77). – С. 103–113. URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=36828953>

39. Яковлева И. В. Аксиология образования как формирующаяся система: социально-философская рефлексия // Философия образования. – 2020. – Т. 20, № 2. – С. 31–47.

40. Яковлева И. В. Аксиология образования и проблемы изучения современного человека: монография. – Новосибирск: Изд-во НГПУ, 2018. – 183 с. URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=35391907>

41. Новосадов С. А. Изменение парадигмы образования путем ее вписывания в мировоззренческую матрицу социального развития общества // Философия образования. – 2016. – № 2 (65). – С. 109–122. URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=26137052>

42. Arizon A., Jasrial J., Zen Z. Axiology of Education: Values, Ethics, and Goals of Education in Shaping National Character // IEDUST: International Journal of Educational Sciences and Teaching. – 2025. – Т. 1. – №. 3. – С. 94-103. <https://naluriedukasi.com/index.php/iedust/article/view/493>

43. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. / Т.Н. Ермекова, Ж.К. Отарбекова, Г. Б. Тоқтыбаева, – Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2018. – 208 б.

44. Дәулетбекова Ж. «Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған бағдарламасында кемшілік көп // «Егемен Қазақстан» газетінің 13 маусым 2018 жылғы саны. Электронды ресурс: <https://egemen.kz/article/170353-qazaq-tili-panininhdganhartylghan-oqu-baghdarlamasynda-kemshilik-kop>

45. Иманқұлова С.М., Аширова А.Т. Оқулық білім берудегі негізгі құрал ретінде // Евразийский журнал филологии: Наука и Образование. – 2020. Т.176. - №4. – С. 174-182.

46. Гершунский Б.С. Философия образования XXI века (в поисках практико ориентированных образовательных концепций). – М.: Совершенство, 1998. – 608 б.

47. Өтебаев И. Болашақ кәсіби оқыту бакалаврын құзыреттілік тұрғы негізінде жобалау іс әрекетіне даярлау. // Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. - Қарағанды, 2010. – 48 б.

48. Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 2007. – 336 б.

49. Тіл білімі : оқу құралы / Ә. Хасенов ; ҚР Білім және ғылым м-гі. - Толықт., 2-бас. – Алматы : Санат, 1996. – 414 б.

50. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: оқулық / Ф. Ш. Оразбаева [және т. б.] ; ҚР Білім және ғылым м-гі, Абай атын. ҚазҰПУ. – Қарағанды : «Medet Group», 2016. - 423 б.

51. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы: оқулық / Б. Сағындықұлы, Б. Кулжанова. – Өңд. толықт. 3-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 284 б.

52. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы: оқулық / Г. Н. Смағұлова, К. Қ. Күркебаев ; Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – Алматы : Қазақ ун-ті, 2024. – 303 б.
53. Қазақ тілінің лексикологиясы: монография / Ә. Болғанбаев. – Өңд., толық. 2-бас. – Алматы : Мектеп, 1998. – 146 б.
54. Қазақ тілінің лексикологиясы: оқу құралы / А. Айғабылұлы. – Алматы : Зият Пресс, 2007. – 65 б.
55. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы: метод. кеңес және бақылау-пысықтау жаттығулары: ун-т пен пед. ин-тың филол. фак. арн. / Ғ. Қалиев; Респ. оқу-метод. каб. – 2-бас. - Алматы : ҚазССР Халыққа білім беру м-гі, 1989. – 68 б.
56. Қазіргі қазақ тілі: морфология / С. М. Исаев. – Алматы: Өнер, 2007. – 333 б.
57. Қазақ тілі : фонетика, лексика, морфология: 5-6 кл. арн. / К. Аханов. – Алматы : [б. ж.], 1978. – 232 б.
58. Қазақ тіл білімінің мәселелері = Вопросы казахского языкознания: монография / Ы. Маманов; [жауапты ред.: Р. Әмір, Н. Уәлиұлы]; ҚР Мәдениет және ақпарат м-гі, Тіл комитеті, Репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін «Арыс» қоры. – Алматы: Арыс, 2007. – 482 б.
59. Синтаксистік зерттеулер: антология / М. Серғалиев; құраст. А.Ж. Құдабаев. – Павлодар: С. Торайғыров атын. Павлодар мем. ун-ті, 2010. – 561 б.
60. Жай сөйлемдер синтаксисын оқытудың кейбір мәселелері: мұғ. арн. көмекші құрал / Ә. Хасенов ; Қаз. ССР оқу м-гінің пед. ғылымдар ин-ты. – Алматы: Қазмемоқупедбас., 1957. – 75 б.
61. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі: очерктер / Н.Т. Сауранбаев. – Алматы : ҚазССР ҒА бас., 1948. – 86 б.
62. Қазіргі қазақ тілі: сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі / М. Балақаев, Т. Сайрамбаев. – Өңд. қайта 4-бас. – Алматы : Білім, 2004. – 224 б.
63. Қазақ тілінің фонетикасы: оқу құралы / Б. А. Қалиев ; ҚР ПМ, Б. Бейсенов атын. Қарағанды академиясы. – Қарағанды: ҚР ПМ, Б. Бейсенов атын. Қарағанды академиясы, 2016. – 149 б.
64. Қазақ тілінің мәдениеті : монография / М. Томанов. – 2-бас. – Алматы: Қазақстан, 1971. – 151 б.
65. Қазақ тілінің тарихы: ЖОО филология фак. студент. арн. оқу құралы / Г. Қосымова. – Алматы: Баянжүрек, 2007. – 271 б.
- а. Қазақ тілінің тарихы туралы зерттеулер: монография / Қаз. ССР ҒА, Тіл білімі ин-ты. – Алматы : Ғылым, 1965. – 255 б.
66. Vakhovskyi L. Axiological Potential of Philosophy of Education //Journal of Education Culture and Society. – 2025. – Т. 16. – №. 1. – С. 29-37. DOI:
67. <https://doi.org/10.15503/jecs2025.2.29.37>
68. Matviichuk A., Pelekh Y. Axiological culture as a fundamental goal of modern education //Kultura–Przemiany–Edukacja. – 2025. – С. 125-137. DOI: 10.15584/kpe.2025.10
69. Едильбаева С.Ж. Философский дискурс об образовании (социально-философский аспект): автореферат диссертации ... доктора философии / С.Ж. Едильбаева. – Алматы: [б. и.], 2009. – 39 с.

70. Jaspers K. Die Idee der Universitaet. Fuer die gegenwaertige Situation entworfen von Karl Jaspers und Kurt Rossmann. – Berlin, Goettingen, Heidelberg: Springer, 1961. – 245 S.
71. Молдабекова Ж.Ж. Қазақтану. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 459 б.
72. Дейкина А. Д., Скрыбина О. А. Аксиологичность лингвистического знания в методическом освещении //Профессорский журнал. Серия: Русский язык и литература. – 2023. – №. 3 (15). – С. 36-43.
73. Дейкина А.Д. Формирование языковой личности с ценностным взглядом на русский язык: методологические проблемы преподавания русского языка. М. - Оренбург: ООО и Агентство «Пресса», 2009. – 308 с.
74. Дейкина А.Д. Развитие лингвистической мысли учащихся в процессе изучения русского языка и литературы в современной школе: сб. статей по материалам Всеросс. научно-практической конференции (г. Пермь, 2–3 ноября 2010 г.) / ред. колл.: В.Е. Кайгородова, Е.А. Рябухина (отв. ред.) и др.: Перм. гос. пед. ун-тет. Пермь, 2010. – 368 с.
75. Дейкина А.Д. Формирование культурно-интеллектуального отношения учащихся к русскому языку в современной парадигме образования / Вестник Московского городского педагогического университета. Серия: Педагогика и психология, 2012, № 2. – С. 66–74.
76. Оразбаева Ф.Ш., Қасым Б.Қ., Балтабаева Ж.Қ., Оразахынова Н.А., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқулық. – Қарағанды: «Medet Group» ЖШС. – 2016. – 424 б.
77. Құрман Н.Ж. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері: Монография. – Астана: Тіл Комитеті, Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2008. – 160 б.
78. Бітібаева Қ. О. Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдары. Оқу құралы. / өңделіп, екінші басылуы/ – Семей: «Үш биік» баспасы ЖШС, 2007. – 120 б.
79. Tolochko S., Bordiug N., Les T. Content, forms and methods of building the environmental competence of education recipients on the basis of axiology //ScienceRise: Pedagogical Education. – 2022. – Т. 2. – №. 47. – С. 20-26. <https://lib.iitta.gov.ua/id/eprint/741331>
80. Guo B. The axiological contexts and perspectives in language studying //Higher education: traditions, values, perspectives. – 2024. – С. 375-379. https://ibn.idsi.md/sites/default/files/imag_file/p-375-379.pdf
81. Тұрсынова Б. Қазақ тілін оқытуда ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың маңызы // Ұлттық білім беру. – 2020. – № 6. – Б. 10–14.
82. Жұмабаева, Ш. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру әдістемесі // Қазақ тілі мен әдебиеті журналы. – 2022. – №4. – Б. 35–42.
83. Шонанұлы Т. Бірінші басқышта ана тілі. – Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1929. – Б. 15-34.
84. Кеменгерұлы Қ. Қазақ тарихы мен әдебиеті. – Ташкент, 1923. – 84 б.

Дипломдық жұмыс/жоба, магистрлік диссертация/жоба туралы ақпарат			
Оқу жылы:	2025 - 2026	Факультеті:	Филология
Мамандығы:	M017	Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау	
	(шифрі)		(атауы)
Ғылыми жетекшісі:	Қапантайқызы Шынар (толық Т.А.Ә.)		
Бітіруші:	Аубакирова Саида Талгатовна (толық Т.А.Ә.)		
Оқу тілі:	Қазақ тілі	Жұмыстың жазылған негізгі тілі:	Қазақ тілі
Жұмыстың тақырыбы:	Қазақ тілі сабағында оқушылардың аксиологиялық құзыреттілігін дамыту әдістемесі		
Жұмыстың түрі:	Магистрлік диссертация (дипломдық жұмыс/жоба, магистрлік диссертация/жоба)		

Анықтама берген күн: 08.05.2026



1688862200